



**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ  
БАНК ТРАДИЦИОННЫХ ЦЕННОСТЕЙ



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП **2014** ГОДОВОЙ ОТЧЕТ







## Мазмұны

---

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	04
Директорлар кеңесі	06
Басқарма	08
Департамент басшылары	10
Корпоративтік басқару	14
Акционерлер және капитал	18
Қазақстан Республикасы экономикасының және банк секторының 2014 жылғы дамуына шолу	20
Банк секторы	26
ЦентрКредит Банкінің 2014 жылғы қызметіне шолу	28
Пайдалылық	34
Несие портфелі туралы ақпарат	34
Мемлекеттік бағдарламалар бойынша несие беру / инновациялар	36
Бөлшекті несие беру	37
Заңды тұлғаларға несие беру	39
Депозиттер	40

---



Халықаралық қатынастар	41
Қор нарығындағы және банкаралық нарықтардағы операциялар	44
Кастодиандық қызмет	46
Халықаралық ақша аударымдары жүйесі	46
Жедел аударымдар	50
Жедел түсім	50
Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету және телефондық банкинг	51
Төлем карточкалары және қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелері	54
Қызметкерлер	58
Ақпараттық технологиялар	59
ЦентрКредит Банкінің өткізу желісі	63
«BCC INVEST» АҚ	64
«Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ	66
«BCC-ОУСА» ЖШС	67
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	70
ЦентрКредит Банкінің 2014 жыл ішіндегі басты оқиғалары	84
Тәуекелдіктерді басқару	86
Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау	90
ЦентрКредит Банкінің 2015 жылға арналған негізгі мақсаты мен міндеттері	91

---





## Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі





## «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың құрметті акционерлері!

Есепті жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – ЦКБ) өз қызметін одан әрі тұрақтандыру, бизнесін жоспарлы түрде кеңейту, шығындарын азайту, құрылымы мен қызметкерлерін оңтайландыру, жаңа автоматтандырылған банктік жүйеге өтуді бастау бойынша іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырды. Қазақстан Республикасы экономикасының өсу қарқыны бәсеңдесе де, ЦКБ-нің активтері 2,6%-ға өсіп, 1 101 млрд теңгені құрады. Есепті кезең бойынша ЦКБ-нің несиелер портфелі бір жыл ішінде 3,4%-ға артып, 918 млрд теңгені құрады, оның ішінде бөлшекті несиелер портфелінің үлесі 38%-ды құрады. Өткен жылы ЦКБ жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемін 5,5%-ға өсірді.

ЦКБ проблемалы несиелермен жұмыс жасауға ерекше назар аударды. Қабылданған шаралар жұмыс істемейтін NPL (мерзімі 90 күннен аса кешіктірілген) несиелердің деңгейін 16,3%-дан 12,6%-ға дейін төмендетуге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік талаптарын орындауды қамтамасыз етті. ЦКБ құрылымын оңтайландыру, экономикалық жағынан алғанда тиімсіз бөлімшелерді жабу (қайту құру), сонымен қатар тартылған қымбат қаражаттың үлесін төмендету бойынша қабылданған іс-шаралар шығындарды айтарлықтай азайтуға және тиімділікті арттыруға мүмкіндік берді. Жеткілікті дәрежеде

қолайлы болмайтын қоршаған экономикалық жағдай аясында ЦКБ стратегиялық мақсатын, оның ішінде техникалық қайта жабдықталу және жаңалау бойынша мақсатын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. 2014 жылы заманауи автоматтандырылған банктік «Colvir» жүйесін енгізуге дайындық бойынша елеулі жұмыс жасалды.

Сонымен қатар ЦКБ қызметкерлердің негізгі жалақысының деңгейін көтеру бойынша шара қабылдады, қызметкерлерді бағалау, жоғары нәтижелі, дарынды және тірек қызметкерлерді анықтау жүйесі енгізілді. Қолданылатын шаралар біздің стратегиялық серіктесіміз Kookmin Bank тарапынан көрсетілген толық қолдаумен және өзара түсіністікпен жүзеге асырылды.

Алдағы 2015 жылы ЦКБ күш-жігерін қол жеткізген нәтижелерді нығайтуға, бизнестің қарқынын арттыруға, несиелер портфелінің сапасын жетілдіруге бағыттайды.

Құрметпен,

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың  
Директорлар кеңесінің төрағасы  
**Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы**



2014 жылғы 17 наурыздағы жай-күйі бойынша  
**Директорлар кеңесінің құрамы**

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі:

- |   |  |   |   |
|---|--|---|---|
| 1 | <b>Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы</b><br>Директорлар кеңесінің төрағасы | 4 | <b>Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы</b><br>Директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2 | <b>Ли Владислав Сединович</b><br>Басқарма төрағасы                     | 5 | <b>Kwon Oh Ki</b><br>тәуелсіз директор                              |
| 3 | <b>Jeoung Sang Kweon</b><br>Директорлар кеңесінің мүшесі               | 6 | <b>Werner Frans Jozef Claes</b><br>тәуелсіз директор                |
|   |  | 7 | <b>Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы</b><br>корпоративтік хатшы             |







4

5

2

1

6

3



2014 жылғы 08 қыркүйектегі жай-күйі бойынша  
**Басқарманың құрамы**

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқармасы:

1 | **Ли Владислав Сединович**  
Басқарма төрағасы

4 | **Han Jong Hwan**  
Басқарушы директор

2 | **Yang Jin Hwan**  
Басқарушы директор

5 | **Shim Moo Gil**  
Басқарушы директор

3 | **Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы**  
Басқарушы директор

6 | **Әділханов Бұлан Әділханұлы**  
Басқарушы директор





4

6

1

3

5

2





2014 жыл бойынша

## Департамент директорларының тізімі

**Боранбаев Асан Болатұлы**  
Басқарушы директор

**Зданович Лариса Петровна**  
Жоспарлау және қаржы департаментінің  
директоры

**Вон Галина Доннеровна**  
Адам ресурстары департаментінің директоры

**Нұрғалиева Айжан Төлеуғазықызы**  
Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік  
департаментінің директоры – бас бухгалтер

**Попова Татьяна Валерьевна**  
Банк карточкалары департаментінің  
директоры

**Бутырина Людмила Федоровна**  
Операциялық қызметтің есебін жүргізу және  
қолдау департаментінің директоры


**Вахидова Ризвангуль Сайдуллаевна**  
Бөлшекті бизнес департаментінің директоры

**Дорожкин Сергей Иванович**  
Әкімшілік департаментінің директоры

**Габасов Тимур Рауфович**  
Қазынашылық департаментінің директоры

**Тастанбеков Бақытжан Бахадырұлы**  
Қауіпсіздік департаментінің директоры





**Омаров Тимур Мақсұтұлы**  
Тәуекелдіктер департаментінің директоры

**Ақылов Тимур Аманұлы**  
Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры

**Асылбек Ержан Асылбекұлы**  
Несиелік тәуекелдіктер департаментінің директоры

**Шаяхметова Күләш Ізмағзамқызы**  
Бизнес-процестер департаментінің директоры

**Жакеев Бекежан Искандарұлы**  
Заң департаментінің директоры

**Нұғманов Мәлік Қайыржанұлы**  
Комплаенс қызметінің бас комплаенс-бақылаушысы

**Ермаханов Ерлан Әмірбекұлы**  
Заңды тұлғалардың несиелерін басқару департаментінің директоры

**Мусина Рақыш Шахмұратқызы**  
Ішкі аудиттің бас аудиторы

**Әбішев Мұрат Мейірханұлы**  
Жеке тұлғалардың несиелерін басқару департаментінің директоры

2014 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



# Домбыра

1

Бүкіл халықтың ықыласына бөленген, тұңғиық терең тарихы бар музыкалық аспап. Домбыра ежелден ақындар мен жыраулардың сенімді серігі болған. Оның әсерлі дыбысы ақсүйек хандарды да, қарапайым халықты да шаттыққа бөлеген. Данагөй билер небір қиын дауларда төрелік айтқан кезде қолдарына домбыра алған. Домбыраның сазына мыңдаған күйлер шығарылды. Өзінің тұла бойына ата-бабаларымыздың даналығын, халқымыздың қайғы-қасіреті мен асқақ арманын сіңірген бұл қастерлі аспап бүгінгі күнде әр шаңырақтың төрінен орын алған. Тәжірибелі домбырашының қолына түскен бұл аспап адам бойына шоғырланған барлық сезімдерді оята біледі. Домбыраның шанағы әрқашан ағаштан жасалады. Ішектерін бұрынғы заманда ешкінің немесе қойдың ішегінен ширатып жасаған, қазіргі кезде қармақ жіптен жасайды. Аспаптың алуан түрі бар, бірақ негізгісі екеу: «қалақ домбыра» – жалпақ пішінді, ән сүйемелдейтін аспап ретінде қолданылады және «қозы құйрық домбыра» – тамшы тәрізді, жұмыр пішінді, күй тартатын аспап.



## Корпоративтік басқару

---

2014 жылғы 25 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – ЦКБ) **акционерлерінің** жылдық жалпы **жиналысы** келесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өтті:

1. 2013 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі.
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2013 жыл бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2013 жыл бойынша таза табысын бөлу тәртібін бекіту.
4. 2014-2016 жылдары «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу.
5. Есеп комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, жаңа Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау.

Аталмыш жылдың наурыз айында ЦКБ акционерлерінің сырттай жиналысының қорытындысы жасалып, ЦКБ-нің Директорлар кеңесінің құрамына (бұдан кейін – Директорлар кеңесі) Kookmin Bank Co.LTD банктік холдингінің өкілі болып табылатын Jeoung Sang-Kweon мырза сайланды.

**Директорлар кеңесі** мәжілістерді тұрақты түрде өткізді. Есепті кезең ішінде 4 күндізгі мәжіліс өткізіліп, онда келесі мәселелер қарастырылды: 2013 жыл бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, маркетингтік жоспарды бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырту туралы шешім, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер құрамын бекіту, проблемалы несиелермен жұмыс жүргізу бойынша қолданылатын шаралар, бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ЦКБ-нің бюджетін орындау, стратегиялық мәселелерді орындауға мониторинг жүргізу, 2015 жылға арналған бюд-





жетті бекіту, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан кейін – ҚР ҰБ) Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 29 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдіктерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының талаптарын жүзеге асыру бойынша шаралар, «БЦК-Мәскеу» ЖШҚ еншілес банкін дамыту бойынша ұсыныстар.

Директорлар кеңесі телефондық конференция арқылы 8 хаттамаға, сырттай дауыс беру арқылы 246 қаулығы қол қойды. Есепті жылы ЦКБ **Басқармасы** (бұдан кейін – Басқарма) Басқарманың 93 күндізгі отырысын, оның ішінде басқару есептілігі мәселесі бойынша 59 отырыс өткізді. Басқарманың 912 шешімі қабылданды. Басқарма банк қызметінің процедуралық мәселелері бойынша шешімдер қабылдап, бизнесті дамыту және т.б. мәселелер бойынша комитеттер мен комиссия шешімдерін бекітті. Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі жанында Аудит комитеті, Қаржы мен тәуекелдіктерді басқару комитеті, Тағайындаулар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, Несие комитеті атты төрт комитет құрылды.

2014 жылы **Директорлар кеңесінің Аудит комитеті** (бұдан кейін – Аудит комитеті) 6 мәжіліс өткізіп, 20 мәселені, оның ішінде аудиторлық тексеру нәтижесі мен анықталған бұзушылықтарды түзетуге қатысты 7 мәселені; ЦКБ-нің ішкі аудит процесін жетілдіруге қатысты 10 мәселені; қызмет нәтижесі бойынша ЦКБ бөлімшелерінің есептерін тыңдауға қатысты 3 мәселені қарастырды. Аудит комитетінің құрамы өзгеріске ұшырады: комитет мүшесі Suh Ki Youl мырзаның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Аудит комитетінің құрамына Jeoung Sang-Kweon мырза қосылды.

ҚР ҰБ Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 29 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдіктерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес бұрын іс-әрекет еткен Директорлар кеңесінің Активтер мен міндеттемелерді басқару комитетінің (АЛКО комитетінің) және Директорлар кеңесінің ЦКБ-нің және оның еншілес ұйымдарының Тәуекелдіктерді басқару комитетінің негізінде **Директорлар кеңесінің Қаржы мен тәуекелдіктерді басқару комитеті** (бұдан кейін – Қаржы мен тәуекелдіктерді басқару комитеті) құрылды.

Қаржы мен тәуекелдіктерді басқару комитетінің негізгі міндеттері мен мақсаты – ең маңызды мәселелерді қарастыру және активтер мен міндеттемелерді басқару, ЦКБ-нің тәуекелдіктерін басқару жүйесін жетілдіру бойынша Директорлар кеңесінің ұсыныстарын әзірлеу.



Жалпы алғанда, Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті, кейін Қаржы мен тәуекелдіктерді басқару комитеті 2014 жылы 12 кезекті және 10 кезектен тыс мәжіліс өткізіп, 200-ден аса шешім қабылдады. Несие және депозит өнімдерінің талаптары мен тартымдылығын жетілдіру бойынша іс-шаралар өткізілді. Осылайша, қабылданатын шешімдер стратегиясы ЦКБ-нің активтері мен пассивтерінің орнын нығайтуға және олардың құрылымын жетілдіруге бағытталды.

**Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті** 2014 жыл ішінде 2 мәжіліс өткізіп, ЦКБ-нің кадр және әлеуметтік саясатына қатысты 3 мәселені қарастырды.

**Директорлар кеңесінің бас офистегі Несие комитеті** 2014 жыл ішінде 78 мәжіліс өткізіп, несие қызметі, кепілдіктер беру, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу бойынша 1 322 мәселені қарастырды.

Басқарма жанында 2014 жылы келесі комитеттер қызмет етті: Несиелерді басқару комитеті (Несиелерді басқару жөніндегі шағын комитет), Тәуекелдіктерді басқару комитеті (Тәуекелдіктерді басқару жөніндегі шағын комитет), Инвестициялық комитет, Бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі комитет, Ақпараттық технологияларды басқару комитеті, HR комитеті.

**Несиелерді басқару комитеті** 46 мәжіліс өткізіп, 444 мәселені, оның ішінде қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 84 мәселені, кепілдік қамсыздандыру бойынша 75 мәселені, басқа мәселелер бойынша 285 мәселені қарастырды. Несиелерді басқару комитеті өңірлік несиелік талдау орталықтарының, несиелерді басқару орталықтарының мониторингтік есептерін қарастырды; несиелеу және қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша өкілеттіктерді; кепілдік қамсыздандыру және т.б. бойынша өкілеттіктерді бекітті.

**Несиелерді басқару жөніндегі шағын комитет** 96 мәжіліс өткізіп, 2 280 мәселені, оның ішінде қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 483 мәселені; кепілдік қамсыздандыру бойынша 1196 мәселені және өзге тақырыпта 601 мәселені қарастырды. **Тәуекелдіктерді басқару комитеті** 2014 жылы 11 мәжіліс өткізіп, 39 мәселені қарастырды.

Сондай-ақ **Инвестициялық комитет** 43 мәжіліс, оның ішінде 3 кезектен тыс мәжіліс өткізіп, олардың барысында ЦКБ-нің және оның еншілес компанияларының инвестициялық қызметіне қатысты 200-ден астам мәселені қарастырды.





ҚР ҰБ Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы №29 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдіктерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының талаптарын есепке ала отырып, ЦКБ-нің алқалы органдарының өкілеттігіне өзгерістер енгізілді, соның нәтижесінде Басқарма жанындағы Тәуекелдіктер жөніндегі шағын комитет құрылып, ЦКБ-нің және оның еншілес ұйымдарының Тәуекелдіктерді басқару комитеті, сондай-ақ ЦКБ-нің және оның еншілес ұйымдарының Инвестициялық комитеті таратылды. 2014 жылы **Тәуекелдіктерді басқару жөніндегі шағын комитеттің** 1 мәжілісі өткізіліп, 4 мәселе қарастырылды.

2014 жыл ішінде **Бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі комитет** 14 мәжіліс өткізіп, 37 мәселені қарастырды. Бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі комитет келесі мәселелер бойынша маңызды шешімдерді қабылдады және мақұлдады: автонесиелеудің жаңа жүйесі, «Мобильді POS-терминалдар» жобасы, онлайн-өтінімдер бойынша қанатқақты жоба, «Золотая корона» халықаралық ақша аударымдары жүйесімен ынтымақтастық құру және оны ЦКБ-нің (ББД) жүйесіне енгізу, жоғары кірісті карталарды ілгерілету (карточкалық портфельді әртараптандыру) жобасы.

Сондай-ақ келесі іс-шаралар өткізілді: жеке тұлғалардың депозиттері бойынша «Чемпион апталығы» маркетингтік акциясы; Жеке кәсіпкерлерге арналған Visa Classic төлем карталарын шығару бойынша маркетингтік акция; Visa Gold төлем карталарын шығару және олардың сатылымын ұлғайту бойынша «ЦКБ-нің клиенттеріне арналған 2014 жылғы туристік күнтізбе» маркетингтік акциясы; заңды тұлғаларға арналған «Күзді ЦентрКредит Банкімен бірге өткізіңіз» акциясы.

2014 жылы **Ақпараттық технологияларды басқару комитеті** 9 күндізгі және 4 сырттай мәжіліс өткізіп, олардың аясында процестерді автоматтандыруға байланысты жобалар бойынша 41 мәселені қарастырды.

**HR комитеті** есепті кезең ішінде 40 мәжіліс өткізіп, еңбекақы мен сыйлықақы төлеу, марапаттау және тәртіптік жаза қолдану, кадрлар резерві және т.б. сияқты адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша 111 мәселені қарастырды.

ЦКБ корпоративтік басқару мәселелері бойынша ЦКБ акционерлерінің жиналысында бекітілген **Корпоративтік басқару кодексін** (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттаманың № 5.1-тармағы) және ЦКБ акционерлерінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі және 2013 жылғы 26 сәуірдегі жиналыстарында бекітілген оның кейінгі өзгерістері мен толықтыруларын басшылыққа алады.




## Акционерлер және капитал

2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, жарияланған артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады, жарғылық капитал 69 751 млн теңге сомасында төленді.

Орналастырылған акциялардың 5 және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Kookmin Bank Co Ltd.	41,93%;
Байсейітов Б.Р.	25,6%;
IFC	10%.

2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің меншікті капиталы 142 203 млн теңгені құрады.



**Меншікті капиталдың құрылымы, млн теңгемен:**

1. жарғылық капитал	69 751
2. реттелген борыш	40 227
3. резервтер және өткен жылдардағы кіріс	16 895
4. мерзімсіз қаржы құралдары	14 742





# ҚОЗЫ ҚҰЙРЫҚ ДОМБЫРА

Қосішекті шертпелі  
музыкалық аспап



## Құрманғазы

Екпіні шапшаң, құйқылжыған  
серпінді музыка – «Төкпе» дәстүрінде  
орындайтын бағыттың өкілі



## Тәттімбет


Ырғақты, кей кезде ішектерін  
тере отырып орындау техникасы –  
«Шертпе» дәстүрінде орындайтын  
бағыттың өкілі

## ШАНАҚ

Негізгі дыбыс пайда болатын іші қуыс  
ағаштан жасалған шанақ


## ТИЕК

Ішектердің көлбеу бұрышын және  
мензура ұзындығын реттейді



## ТҮЙМЕ

Ішекті  
бекітетін  
түйме



## ҚҰЛАҚТАРЫ

Ішектің тон биіктігін баптауға арналған

## БАСЫ

Мойын басы



Түрлі дизайн  
бойынша  
орындалады

## МОЙЫН


Даусын қатты шығару үшін  
жасалған қуыс мойын

## ҚОС ІШЕК

Қой немесе ешкі ішегінен  
жасалған дәстүрлі өзекті ішек

Ø 0,6-0,7 мм

Ішектер әдетте



бапталады




# Қазақстан Республикасы экономикасының және банк секторының 2014 жылғы дамуына шолу

## Макроэкономикалық шолу

2014 жылы Қазақстандағы экономикалық өсім біраз бәсеңдік танытты. Алдын ала деректер бойынша жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 2013 жылғы 6%-бен салыстырғанда 2014 жылы 4,3%-ды құрап, бұрын болжалған деңгейден төмен болды. Осы кезде өнеркәсіп өндірісі қарқынының төмендеуі қызмет көрсету секторының оңтайлы дамуы арқылы ішінара өтелді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 38 033 млрд теңгеге жетті.

## Қазақстан Республикасының ЖІӨ





2013 жылдағыдай, экономикалық дамуға негізгі үлесті қызмет көрсету саласы қосты. Алдын ала қорытынды бойынша 2014 жылы сауда-саттық (15,7%), өнеркәсіп және құрылыс (5,3%) салаларында өсімнің үдемелі қарқыны көрініс тапты. Көлік және байланыс (1,7%), сондай-ақ ауыл шаруашылығы (0,9%) саласында экономиканың дамуы біраз бәсеңдік танытты. Қазақстанның 2014 жылғы ЖІӨ құрамында тауар өндірісі 37,9%-ды, қызмет көрсету 55,5%-ды иеленді.

Осы кезеңдегі ақшаның құнсыздануы болжалған көрсеткіштерден асқан жоқ. 2014 жылдың қорытындысы бойынша жылдық ақшаның құнсыздануы 7,4 % деңгейінде, 2013 жылы 4,8 % деңгейінде қалыптасты. 2014 жылы ақшаның құнсыздану деңгейінің өсуі бірнеше факторларға: 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында 2014 жылғы ақпан айында ұлттық валютаның айырбастау бағамының түзетілуіне және оған байланысты импортталатын тауарлардың қымбаттауына, сондай-ақ маусымдық факторларға байланысты болды. 2014 жылдың екінші жартыжылдығында ақшаның құнсыздану көрінісінің сақталуы 2014 жылғы тамыз айында ішкі нарықтағы жанармай және дизель отыны бағаларының өсуіне, сондай-ақ табиғи монополия кәсіпорындары көрсететін қызмет бағасының өсуіне байланысты болды. ҚР ҰБ ақшаның құнсыздануын 6–8 % нысаналы дәлізде сақтау бойынша шара қолдануды жалғастырады.

2014 жылы бір жұмысшының орташа айлық номиналдық жалақысы 10,9%-ға, ал 2013 жылы 7,5%-ға өсті. Осы ретте жұмыссыздық деңгейі 2013 жылғы 5,2%-дан 2014 жылы 5%-ға дейін аздап төмендеді.


2014 жылдың алдын ала қорытындысына сәйкес өнеркәсіптік өндіріс көлемі 18 493 млрд теңгені құрап, 3,7% өсімді көрсетті. Өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы тау-кен өндіру секторы 5,1%-ға артып, өңдеу өнеркәсібіндегі (0,3 %) өсім қарқынынан 15 есеге асты. Жедел деректер бойынша 2014 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы шығарылымының көлемі 2 510 млрд теңгені құрады, яғни 2013 жылғы деңгейден 5,2%-ға жоғары.

Өткен жылы құрылыс саласында өсім байқалды, жыл қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 8,7%-ға өсіп, 2 653 млрд теңгені құрады. 2014 жылы негізгі капиталға жасалған инвестициялар қарқынының артуы байқалды. Жалпы алғанда аталмыш жылы экономикаға 6 575 млрд теңге инвестиция жасалып, ол өткен жылмен салыстырғанда 8,3%-ға өсті. 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында көлемі 3 806 млрд теңгені (үлес салмағы – 57,9 %) құрайтын кәсіпорындардың меншікті қаражаты инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі болып қалып отыр.





## Негізгі капиталға жасалған инвестициялар, млрд теңге



2014 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында бөлшекті сауданың көлемі 6 021 млрд теңгені құрап, 2013 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 19,6%-ға артты. Осы көрсеткіш халықтың төлем қабілеттілігін және тұтыну көңіл-күйін сипаттайды. Есепті кезеңдегі көтерме сауда көлемі 16 358 млрд теңгені құрап, 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 16%-ға артты.

Алдын ала деректер бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы сауда-саттық айналымы 119,5 млрд АҚШ долларын құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға төмендеді. 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында экспорт 78,2 млрд АҚШ долларын құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға азайды. Импорт 41,2 млрд АҚШ долларын құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 15,6%-ға төмендеді.

Кеден одағы жұмысының қорытындысы бойынша 2014 жылы Қазақстан Республикасының Кеден одағы елдерімен бірлескен саудасы 19,7 млрд АҚШ долларын құрады немесе 2013 жылмен салыстырғанда 20,1%-ға азайды, оның ішінде экспорт 5,2 млрд АҚШ долларын (12,2%-ға аз), импорт 14,5 млрд АҚШ долларын (22,6%-ға аз) құрады.

Отандық өнімнің Ресей Федерациясына экспорты 2014 жылы 5,2 млрд АҚШ долларын (2013 жылмен салыстырғанда 11,9%-ға азайды), импорты 13,7 млрд АҚШ долларын (23,6%-ға аз) құрады.



2014 жылы Беларусь Республикасына жасалатын экспорт 29,2 млн АҚШ долларын (2013 жылмен салыстырғанда 49,9%-ға азайды), импорт 727,6 млн АҚШ долларын (4,2%-ға артық) құрады. 2014 жылы Қазақстан инновациялар рейтингіндегі орындарын жоғарылатқанмен, өркендеу рейтингіндегі көрсеткіштерін төмендетіп алды.

Өткен жылмен салыстырғанда, Дүниежүзілік банктің және Doing Business халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) рейтингінде Қазақстан бір тармаққа төмен түсіп, 77-орынға ие болды. Еліміз жеке меншікті тіркеу, халықаралық сауда-саттық саласында, келісім-шарттарды орындауды қамтамасыз етуде, төлем қабілетсіздігін шешуде жетістіктерге қол жеткізді. Алайда кәсіпорындарды тіркеу, құрылысқа, электр желілеріне қосылуға рұқсат алу, несие алу, миноритарлық акционерлерді қорғау, салық салу сияқты критерийлер бойынша көрсеткіштердің нашарлауы байқалады.

Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі 2014 жылдың ортасынан бастап мұнайдың әлемдік бағасының 50%-дан аса күрт төмендеуінің нәтижесінде Қазақстан экономикасы рейтингінің болжамын «тұрақтыдан» «жағымсызға» өзгертіп, қайта қарастырды. Сонымен қатар Агенттік шетелдік және ұлттық валюталардағы міндеттемелер бойынша елдің тәуелсіз несие рейтингтерін теріс болжаммен «BBB+»-дан «BBB»-ға дейін төмендетті.

Legatum халықаралық зерттеу институтының «Әлемдік әл-ауқат – 2014» рейтингінде Қазақстан сегіз көрсеткіш бойынша өз позициясын нашарлатып, 122 ел ішінде 55-орынға ие болды. Аталмыш рейтингті құрған кезде тұрғындар өмірінің деңгейі, білім беру және денсаулық сақтау жай-күйі, жеке бас бостандығы, қауіпсіздік деңгейі, бизнесті жүргізуге арналған мүмкіндіктер, мемлекеттік басқару, әлеуметтік капитал сияқты көрсеткіштер есепке алынады. Қазақстан мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі бойынша нашар нәтиже көрсетіп, 106-орынға ие болды. Әлеуметтік капитал бойынша ең жоғары көрсеткішке (35-орын) қол жеткізді.

INSEAD еуропалық бизнес-мектебі, Корнелл американдық университеті және Дүниежүзілік зияткерлік меншік қауымдастығы жариялаған инновациялық рейтингте Қазақстан әлемнің 142 елі ішінде 79-орынға ие. Қазақстан инновацияға жұмсаған шығыны бойынша рейтингтің 69-орнын, инновациялық жетістіктер бойынша 101-орынды, тиімділік бойынша 126-орынды иеленді. Білім және технология саласы бойынша еліміз 82-орынды, шығармашылық саласы бойынша 106-орынды иеленді. Осы көрсеткіштер бойынша еліміз Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестерінен кейін қалып отыр. Ресей 49-орынды, Беларусь 58-орынды иеленді. Алайда Қазақстан Орталық Азия елдері арасында көшбасшы орынға табан тіреді.

# Қобыз

2

Кеңінен тараған ұлттық музыкалық аспаптардың бірі қобыз болып саналады. Ежелгі заманда бақылар қобыздың көмегімен әруақтармен, яғни ата-бабалардың рухтарымен байланысып отырған. Аңызға жүгінсек, аспапта ағаштың жаны сақталады деседі, қысқа ысқымен қобыздың ішегін ысқанда, ағашқа жан бітіп, керемет ән салғандай болады. Сан ғасыр өтсе де, әлі күнге дейін қобызды ағаштың шабылған тұтас бөлігінен жасайды. Аспаптың әрбір ішегі жылқының 30-60 қылшығынан тұрады да, тартқан сайын мың құбылған ғажайып әуезге бөлейді.





**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ





## Банк секторы

### Активтер

Қазақстан Республикасының банк секторының жиынтық активтері 2014 жылы 18%-ға өсіп, 18 239 млрд теңгені құрады, ал 2013 жылы 15 462 млрд теңгені құрады.

— 2011 — — 2012 — — 2013 — — **2014** —

ЖІӨ, млрд теңге	27 572	30 347	35 275	38 033
Активтер, млрд теңге	12 818	13 880	15 462	18 239
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, % ●	46,5	45,7	43,8	48,0
Несиелердің ЖІӨ-ге қатынасы, % ●	38,0	38,4	37,8	37,3
Капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	4,7	6,6	5,9	6,2
Салымдардың ЖІӨ-ге қатынасы, %	28,3	28,1	27,9	29,8

2011 жылдан бастап екі жыл бойы банктік жиынтық активтерінің ЖІӨ-ге қатынасының төмендеу үрдісі жалғасып келді, алайда 2014 жылы активтердің ЖІӨ-ге қатынасы өсіп, 48%-ды құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі 2014 жылдан бастап 836 млрд теңгеге немесе 6,3%-ға өсіп, 14 184 млрд теңгені құрады.

Сала-салаға бөлгенде, банктердің экономиканы несиелеудегі едәуір сомасы сауда (20%), өнеркәсіп (11,3 %), құрылыс (9,4 %) және ауыл шаруашылығы (4%) салаларына тиесілі.




2014 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің жалпы портфелінде негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша мерзімінен кешіктірілген берешегі болатын несиелер 677 млрд теңгеге азайып, несие портфеліндегі олардың үлесі 27,7%-ды құрады, оның ішінде 2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша төлем мерзімі 90 күннен аса кешіктірілген несиелер 818 млрд теңгеге азайып, олардың жалпы несиелердегі үлесі 23,5%-ды құрады. ҚЕХС талаптарына сәйкес несие портфелі бойынша құрылған провизиялар 1 074 млрд теңгеге немесе 23,1%-ға төмендеді.

## Міндеттемелер

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жиынтық міндеттемелері 2014 жылы 2 489 млрд теңгеге немесе 18,6%-ға артты. Міндеттемелердің құрылымында заңды тұлғалардың салымы 17,2%-ға және жеке тұлғалардың салымы 12,5%-ға артты.

2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша коммерциялық банктердің жиынтық міндеттемелері 15 873 млрд теңгені құрады, олардың ішінде бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер 23,2%-ға өсіп, 1 535 млрд теңгені құрады.

## ҚР ЕДБ міндеттемелері, млрд теңге








## ЦентрКредит Банкінің 2014 жылғы қызметіне шолу

### Активтер

2014 жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының активтері 1,2%-ға артып, 1 106 млрд теңге деңгейіне жетті. Бұл ретте ЦКБ активтері 2,6%-ға артып, 1 101 млрд теңгені құрады. Қазақстанның банктік жүйесінің жиынтық активтеріндегі ЦКБ активтерінің үлесі өткен жылмен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеп, 6%-ды құрады. Бұл ретте ЦКБ 2014 жылдың соңында активтерінің мөлшері бойынша алтыншы орынды иеленді.



Есепті кезең ішінде ЦКБ-нің несиелік портфелі 918 млрд теңгені құрады, яғни бір жыл ішінде 3,4%-ға артты. 2014 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ-дегі бөлшекті несиелік беру несиелік портфелінің елеулі үлесін алып, 38%-ды құрады. Өткен жылы ЦКБ жеке тұлғалардың несиелерінің көлемін 5,5%-ға өсірді. ЦКБ-нің ірі бизнестегі қарыздары 2014 жылы 7,2%-ға азайып, ЦКБ-нің жалпы несиелік портфеліндегі үлес салмағы 32%-ды құрады. ЦКБ-нің шағын және орта бизнес сегментіндегі қарыздары несиелік портфелі көлемінің 30%-ын құрады.




## ҚОБЫЗ


Әлемдегі ең көне, ысқылы,  
ішекті аспап




Қазіргі заманғы скрипканың арғы тегі



Обертонға қаныққан дыбыс ырғағы




## ЫСҚЫ






### ЦКБ несие портфелінің 01.01.2015 жылғы құрылымы



### Міндеттемелер

Банк тобының жиынтық міндеттемелері 2014 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 1,4%-ға өсіп, 1 021 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ЦКБ міндеттемелері 2,6%-ға артып, 1 013 млрд теңгені құрады.

### Банк тобының міндеттемелері, млрд теңге








Міндеттемелердің құрылымындағы ЦКБ-нің жеке тұлға клиенттерінің салымдары, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2014 жылы 1,8%-ға төмендеп, 334 млрд теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы ЦКБ-нің үлесі бір жыл ішінде 8,6%-дан 7,5%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте ЦКБ осы сегмент бойынша соңғы екі жыл ішінде нарықтағы төртінші орынды иеленіп келеді.

ЦКБ-нің заңды тұлға клиенттерінің салымдары, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2014 жылы 3,5%-ға азайып, 429 млрд теңгені құрады.

## Капитал

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2014 жылы банк тобының капиталы 1,6%-ға төмендеп, 2015 жылғы 01 қаңтарда 85 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ЦКБ капиталы 3,2%-ға артып, 88 млрд теңгені құрады.

## Банк тобының капиталы, млрд теңге



3

# Адырна

Көп ішекті шертпелі бұл аспаптың тарихы өте ерте ғасырларда басталған. Бір кездері адырна әскери жорықтарда өзінің зор дыбысымен бүкіл даланы жаңғыртқан, ал аңға шыққан кезде бұғының керней үнін айнытпай шығарған. Шанағының іші қуыс, иленген терімен қапталған, ішектері түйенің жүнінен немесе сіңірден жасалған қобыз көненің көзіндей бәз баяғы қалпында біздің заманымызға жеткен. Сырт қарағанда, адырна арфаға ұқсас, дыбысы ғажайып.



**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ







## Пайдалылық

2014 жылы ЦКБ-нің пайдалылық көрсеткіштері ROA 0,34%, ROE 4,28% құраса, ал банк жүйесі бойынша осындай сәйкес орташа көрсеткіштер сәйкесінше ROA 1,70%, ROE 12,86% құрады.

01.01.  
 ▢ 01.01.2011 ▢ ▢ 01.01.2012 ▢ ▢ 01.01.2013 ▢ ▢ 01.01.2014 ▢ ▢ **2015** ▢

ЦКБ ROA		-2,48%	0,28%	0,04%	0,17%	0,38%
ЕДБ ROA	●	12,04%	0,28%	-1,49%	1,78%	1,70%
ЦКБ ROE	●	-35,53%	3,96%	0,49%	2,13%	4,78%
ЕДБ ROE		843,25%	2,62%	-12,05%	12,79%	12,86%

## Несие портфелі туралы ақпарат

Шоғырландырылған есептілікке сәйкес 01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша Банк тобының несие портфелі 972 млрд теңгені құрады. Жылдың басындағы деректермен салыстырғанда, несие портфелі 0,1%-ға немесе 935 млн теңгеге азайды, оған жұмыс істемейтін несиелердің (NPL) деңгейін азайту бойынша Банк жүргізген іс-шаралар негіз болған. 01.01.2014 жылмен салыстырғанда 01.01.2015 жылы NPL деңгейі 38,1 млрд теңгеге төмендеп, 150,5 млрд теңгені (15,5 %-ды) құрады. 01.01.2015 жылы «Банк Центр-Кредит» АҚ-тың құрылған резервтерінің деңгейі 150,0 млрд теңгені немесе 15,3 %-ды құрады.



01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша Банктің несиелік портфелі 918 млрд теңгені құрады.

## Банктің несиелік портфелі



Экономиканың әр түрлі секторларын несиелеу кезінде «Банк ЦентрКредит» АҚ салалық тәуекелдіктің банк қызметіне жағымсыз әсерін шектеу мақсатында әртараптандыру саясатын ұстанып отырды.

Экономика салаларын несиелеуде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың несиелік портфеліндегі елеулі үлес салмақты, атап айтқанда 38%-ын жеке тұлғалар иеленіп отыр, сауда саласына іс жүзінде 17%-ы тиесілі, әрі қарай басқа салалар иеленеді.

## ЦКБ-нің несиелік портфелінің құрылымы



✘ Барлық статистикалық мәліметтер ҚЕХС стандарттарына сәйкес келтірілген.



## Мемлекеттік бағдарламалар бойынша несиелер беру/инновациялар



ЦКБ – кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы. ЦКБ «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 2014 жылы несиелерді субсидиялау бойынша үздік банк» атағына ие болды. Сонымен қатар ЦКБ «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың қол қойылған кепілдік шарттарының саны бойынша көшбасшы болып табылады.



2014 жыл ішінде ЦКБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының өңдеу өнеркәсібі саласында қызмет ететін шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауға берген 8 млрд теңге сомасындағы қаражатын сәтті игерді. Сондай-ақ ұқсас бағдарламалар бойынша жалпы сомасы 6 млрд теңгені құрайтын қосымша қаражат тартылды. 2014 жылғы желтоқсанда Банк Азия даму банкінің шағын және орта бизнесті қаржыландыруға арналған 11 млрд теңге мөлшеріндегі екі траншын алып, Еуропалық қайта құру және даму банкімен жалпы сомасы 10 млрд теңгені құрайтын келісімге қол қойды.

ЦКБ агроөнеркәсіп кешенінің 23 субъектісін қолдап, жалпы сомасы 21,5 млрд теңгеден асатын қарызды сауықтырды. Бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды қолдау аясында мемлекет «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бағдарламасы» бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялайды. Жоғарыда аталған бағдарлама аясында берілген қарыздар бойынша берешек қалдығы 55,5 млрд теңгені құрайды.

Жалпы алғанда 2014 жыл ішінде ЦКБ әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша жалпы сомасы 57,7 млрд теңгеден асатын несиелер берді.






## Бөлшекті несие беру

2011 жылы жеке тұлғаларға несие беру келесі екі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- ✘ бөлшекті несие өнімдері;
- ✘ жеке кәсіпкерлікке арналған несие өнімдері.

2015 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша жеке тұлғаларға берілген несиелер саны 86 078 несиені, сомасы 346 208 млн теңгені құрады. Алдыңғы 2013 жылмен салыстырғанда несие портфелі 5,5 %-ға өсті.

### Несиe портфелінің қарқыны, млн теңге



2014 жылы жалпы сомасы 126 129 млн теңгені құрайтын 21 214 несиe, оның ішінде:

- ✘ ипотекалық несиелеу бойынша 36 181 млн теңге сомасына 4 859 несиe;
- ✘ тұтыну қарыздары бойынша 52 481 млн теңге сомасына 10 457 несиe;
- ✘ кепілсіз қарыздар бойынша 747 млн теңге сомасына 1 923 несиe;
- ✘ жеке кәсіпкерлікке несиe беру бойынша 32 974 млн теңге сомасына 2 851 несиe;
- ✘ автокөлік сатып алуға 3 741 млн теңге сомасына 1 124 несиe берілді.




# АДЫРНА

Арфа немесе садаққа ұқсас, қазақтың көне көпішекті шертпелі музыкалық аспабы



Ғасырларға созылған терең тарихы бар музыкалық аспап. Қазақстан аумағынан 1940-шы жылдары археолог Руденко тауып алған. Кейін Эрмитаж қорына өткізілген.

Адырна – өгіздің арқа тұсы терісінің қайыс тілігінің атауы



Адырна кейде мүйізді аңдарға (бұғы, марал, ешкі) ұқсастырып жасалған




## Заңды тұлғаларға несие беру

2014 жылы жалпы сомасы 446 696 млн теңгені құрайтын 10 902 қарыз, оның ішінде:

- ✘ ірі бизнес бойынша 318 616 млн теңге сомасына 3 704 қарыз;
- ✘ орта бизнес бойынша 78 887 млн теңге сомасына 3 136 қарыз;
- ✘ шағын (микро) бизнес бойынша 49 193 млн теңге сомасына 4 062 қарыз берілді.

### Заңды тұлғаларға берілген қарыз








## Депозиттер

ЦКБ заңды тұлғалардың депозиттік портфелінің көлемі бойынша еліміздегі екінші деңгейдегі банктердің арасында бесінші орынды иеленеді.

Заңды тұлғалардың депозиттік қаражаты нарығындағы ЦКБ-нің нарықтық үлесі 2014 жылдың соңында 6,2%-ды құрады.





## Халықаралық қатынастар

ЦКБ халықаралық қаржы нарығындағы ұстанымдарын жыл сайын бекіте отырып, тұрақты және сенімді қарқынмен дамып келе жатқан банк болып табылады. ЦКБ-нің халықаралық бизнес стратегиясы шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға, сонымен қатар саудалық және жобалық қаржыландыру, құжаттамалық операциялар, халықаралық қарыз алу және т.б. салаларда көрсететін қызметтері мен ұсынатын өнімдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталған. Есепті жылы ЦКБ Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), FMO (Нидерланды), DEG (Германия), Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК), Азия даму Банкі (АДБ), OPIC (АҚШ) сияқты дүниежүзілік қаржылық даму институттарымен белсенді түрде бірлесіп іс-әрекет етуді жалғастырды. Халықаралық ұйымдармен ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан ынтымақтастық ЦКБ-нің қаржылық тұрақтылығын, оның қызметінің айқындығын, клиенттер мен серіктестер үшін сенімділігін мойындау болып табылады. 2014 жыл ішінде ЦКБ 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша өзінің бірқатар міндеттемелерін сәтті өтеді, аталмыш институттардан тартылған ресурстардың жалпы қалдығы 37,6 млн АҚШ долларын құрады. ЦКБ ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және алыс шет елдердегі қаржы институттарымен ұзақмерзімді корреспонденттік қатынастар орнатқан. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді. ЦКБ-нің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және несиелік қабілеттілігін халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің несиелік рейтингі келесі дәрежеде: Fitch B, Moody's B2 және S&P B+.

### 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктің рейтингі

Fitch Ratings	Moody's Investor Service	Standard&Poor's
Ұзақмерзімді рейтинг: B	Ұзақмерзімді рейтинг: B2	Ұзақмерзімді рейтинг: B+
Қысқамерзімді рейтинг: B	Қысқамерзімді рейтинг: NP	Қысқамерзімді рейтинг: B
Қолдау рейтингі: 5	Қаржылық тұрақтылық рейтингі: E +	Қазақстандық ұлттық шкала бойынша рейтинг: kzBBB
Тұрақтылық рейтингі: b	Ұлттық шкала бойынша ұзақмерзімді рейтинг: B1.kz	
Ұлттық рейтинг: BB+ (kaz)		
Болжам: тұрақты	Болжам: тұрақты	Болжам: тұрақты



# Жетіген

4

Аңыз бойынша жетігенді қайғыдан құса болған қария жасаған екен. Қатты жұт болған жылы қарияның жеті бірдей ұлы бірінен соң бірі қайтыс болған екен. Қайғыға оранған қария ағаш алып, әр ұлы көз жұмған сайын оған бір-бір ішектен керіп, күңіренген жүрегінен «Жетігеннің жетеуі» деген жалпы атпен біздің заманымызға жеткен күйді шығарған екен. Аспаптың майда, әуезді әуені бүгін де көне заманда болған орны толмас қайғыдан сыр шертеді. Ішектерді күйге келтіру үшін әр ішектің астына бір-бір асықтан қояды.





**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ





## Қор нарығындағы және банкаралық нарықтардағы операциялар

---

2014 жылы ЦКБ Екінші облигациялық бағдарламасының аясында қамсыздандырылмаған облигациялардың үш шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Аталмыш облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторына «басқа борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша қосылған. 2014 жыл ішінде ЦКБ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та арнайы сауда-саттық өткізу арқылы жалпы сомасы 25 млрд теңгеге жаңа шығарылымдардағы облигацияларды орналастырды.

Сонымен қатар 2014 жылы ЦКБ-нің Екінші облигациялық бағдарламасының аясында ипотекалық облигациялардың екінші шығарылымын және қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялардың бірінші шығарылымын өтеді. Өтеу айналымдағы облигациялардың номиналды құны бойынша шығарылым проспектілерінде белгіленген мерзімде 4,2 млрд теңге сомасындағы соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы жүзеге асырылды.

ЦКБ ҚР ҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокер қызметін көрсетеді.

2014 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ репо операциялары нарығындағы көшбасшылардың бірі болып табылады. ЦКБ мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен ішкі және сыртқы нарықта мәмілелер жасайды.

ЦКБ АҚШ доллары/қазақстандық теңге валюталық жұбы бойынша банкаралық сауда-саттықтағы ең белсенді маркет-мейкер бола отырып, валюталық ішкі нарықта көшбасшы орындарды иеленіп келеді. Банк корпоративтік клиенттермен ынтымақтастық құру нысанын жетілдіруге, технологияларды дамытуға, ішкі және сыртқы нарықтағы валюталық операциялар бойынша қызмет көрсету сапасын арттыруға ерекше назар аударады.



## ЖЕТІГЕН


Ежелгі көпішекті  
шертпелі аспап

## ШАНАҒЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БЕТІ

Жетіген томар ағаштан ойып  
жасалады

Жылқының қылынан жасалған

## ІШЕК



Жұмсақ әрі жеңіл  
ауезді дыбыс

Туыстас аспаптар:

Гусли


Арфа



## АСЫҚТАР

Асықтарды бір-біріне жақындатса,  
қатар көтеріледі, алыстатса –  
төмендейді

Салмағы: **4,5 кг**







## Кастодиандық қызмет

Кастодиандық қызмет аясында ЦКБ клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.

### Кастодиан – ЦКБ клиенттерінің активтері, млн теңге

Клиенттер	2013	2014
Инвестициялық қорлар	6 082	390 797
Заңды тұлғалар	183 525	201 219
Облигацияларды ұстаушылардың өкілі болу қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	29 500	18 000
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>219 107</b>	<b>610 016</b>

## Халықаралық ақша аударымдары жүйесі

### Western Union

ЦКБ WesternUnion халықаралық компаниясының Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді.



ЦҚБ WesternUnion жүйесі бойынша жеке тұлғалар арасындағы ақша аударымдарынан басқа QuickPay (WesternUnion жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасайтын төлемдер) және QuickCash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасайтын төлемдер) төлемдерін қабылдайды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦҚБ-нің агенттік желісі 1 883 қызмет көрсету орнынан тұрады. Альянс Банк, АТФ Банк, Темірбанк, Цеснабанк, Еуразиялық банк, Жинақ банкі, ВТБ Банк (Қазақстан), DeltaBank, Астана-Қаржы банкі, PNB Қазақстан (Дана Банк), Капитал банк, KassaNova Банкі, Bank RBK сияқты қазақстандық 13 банк ЦҚБ-нің субөкілдері болып табылады.

## «Contact»

---

ЦҚБ 2001 жылғы шілде айынан бастап «Contact» ақша аударымдары жүйесі арқылы операциялар жүргізе бастады. «Contact» жүйесі банктік есепшот ашпай-ақ, жеке тұлғаларға ТМД және алыс шет елдерге АҚШ долларымен, EURO-мен және Ресей рублімен ақша аударуға мүмкіндік береді. Кейбір елдерде «Contact» жүйесі бойынша ақша аударымын мекенжайсыз төлеу мүмкіндігі көзделген. Жүйе ақша қаражатын банктік есепшотқа, мобильді әмиянға есептеу арқылы ақша аударымын төлеуге мүмкіндік береді.

2010 жылдан бастап «Contact» жүйесінде есепшот ашпай-ақ «Contact» жүйесімен шарттық қарым-қатынасқа ие болатын жеке тұлғалардан заңды тұлғалардың, операторлардың және провайдерлердің пайдасына төлем қабылдау бойынша қызмет көрсетіледі.





# Сазген

Бұл ежелгі фольклорлық музыкалық аспаптың атауы «сазды ішектер» мәнін білдіреді. Сазген – қобыз бен нарқобыздың арасындағы дыбысқа ұқсас орташа дыбысты білдіретін, өзіне тән акустикалық ерекшеліктері бар аспап. Аспаптың шанағы ағаштан және жұмсақ, жіңішке, құрғақ былғарыдан жасалады. Ішектері жылқының қылынан жасалады. Аспап жасалатын барлық материалдардың энергетикасы жоғары болғандықтан, ол қазақ даласында қасиетті болып саналған.



## Жедел аударымдар

---

«Жедел аударымдар» жүйесі ЦКБ-нің меншікті әзірлемесі болып табылады және 2000 жылғы шілде айынан бастап сәтті қызмет атқарып келеді. Бұл Жүйе есепшот ашпай-ақ, жеке тұлғаларға бүкіл Қазақстан бойынша ақша аударуға мүмкіндік береді. Жүйенің бірегейлігі аударымдарды жеткізудің жылдамдығында, оған интернет-технологиялар мен ЦКБ-нің корпоративтік желісін пайдалану арқылы қол жеткізілген. Аударымның қазіргі сәтке дейін тіркелген рекордтық жылдамдығы – 2 секунд. 2014 жылы жеке тұлғалардың «Жедел аударымдар» жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген ақша аударымдарының көлемі 3,6 млрд теңгеден асты. Осы Жүйе бойынша 2014 жылы барлығы 49 мыңнан астам ақша аударымдары жүзеге асырылды.

---

## Жедел түсім

---

ЦКБ ұсынатын «Жедел түсім» қызметі осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша түскен ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ келіп түсетін төлемдер туралы нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. 2013 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша төлемдерді қабылдайтын өзіне-өзі қызмет көрсету арналары кеңейтілді. Атап айтқанда, StarBanking жүйесінде және терминалдарда заңды тұлғалардың қызметтері үшін есепшоттан ақша қаражатын аудару немесе қолма-қол ақша салу арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлері бойынша 2 320-дан астам заңды тұлға пайдаланады. 2014 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 3,3 миллионнан астам төлем қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарына 107 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

---



## Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету және телефондық банкинг

---

**Call Center** (банк өнімдері бойынша кеңес беру және сатылымдар), негізгі телефоны +7 (727) 244 30 00:

– 2014 жылы клиенттерден (жеке тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден және заңды тұлғалардан) phone/e-mail/web-коммуникация сияқты техникалық байланыс арналары арқылы келіп түскен қызмет көрсету сапасына қатысты кеңес беру және өтініш жасау бойынша **5 654 929/4 958 074** өтінім (бұл жерде және бұдан кейін 2013 жылғы көрсеткіштер салыстыру үшін бөлшек арқылы көрсетілген) орындалды (өсім **+12,3%**), соның ішінде **76:20/74:20** қызмет көрсету деңгейінде (SL) (түсініктеме: клиенттердің 76%-ы ЦКБ-нің Call Center операторларына 20 секунд ішінде қоңырау шалып үлгірген) **1 235 639/1 260 908** өтінімді/өтінішті клиенттер телефон арқылы берген (phone, **-2,0%**), бұл кезде аталмыш телефон желісі қабылдай алмаған қоңыраулар орташа есеппен **6,2%/8,4%**-ды құраса, CallCenter операторының жауап қайтару жылдамдығы **11/12** секундты құрады (түсініктеме: абонент телефон қосылған сәттен бастап орташа есеппен 11 секундтан кейін CallCenter қызметінің бос операторымен сөйлесті).

**Auto Call Center** (клиенттер тобына автоматты түрде жүзеге асырылатын шығыс қоңыраулар, ЦКБ-нің автоматты телефондық анықтама қызметі, ЦКБ қаржы тобының ішкі телефондарына сыртқы телефон абоненттерінің автоматты қоңырау шалуы), қызмет тәулік бойы, үзіліссіз көрсетіледі, негізгі телефоны +7 (727) 244 3 244):

– 2014 жылы банк клиенттерінің тобына автоматты шығыс қоңырау шалу бойынша **1 206/1 200** науқан жүргізілген. Жаппай қоңырау шалу бойынша 2014 жылы барлығы **314 006/278 871** қоңырау шалу әрекеті жасалды (өсу **+11,2%**) және орташа есеппен алғандағы оң нәтижесі (қоңырауды қабылдау деңгейі) **65%/69%** құрады (төмендеу **-4%**);

– 2014 жылы клиенттердің **166 817/101 688** сұрауын банктің автоматты анықтама қызметі тәуліктік режимде өңдеді (өсім **+39,0%**);





– 2014 жылы сыртқы абоненттердің 1 205 521/874 082 коммутациясы ЦКБ-нің Автоматты телефон орталығы (АТО) арқылы ЦКБ қаржы тобының ішкі телефон нөмірлеріне өткізілді (өсім **+27,5%**).

**Contact Center** (*e-mail/web/fax-коммуникациялары бойынша клиенттермен құжаттамалық жеке және жаппай хат алмасу*), клиенттердің сұраулары ЦКБ-нің [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) сыртқы сайтынан Кері байланыс, Сұрақ бар ма? Қазір жауап береміз!, WhatsApp Center ВСС, Шағымдар мен ұсыныстар арналары бойынша және клиенттерге берілген негізгі банктік профильді e-mail: [hotline@bcc.kz](mailto:hotline@bcc.kz) (ЦКБ өнімдері бойынша банктік кеңестер, интернет-өтінімдер), [Info@bcc.kz](mailto:Info@bcc.kz) (жалпыбанктік электрондық мекенжай), [cardservice@bcc.kz](mailto:cardservice@bcc.kz) (ЦКБ-нің дебет карталарын ұстаушылармен хат алмасу), [ib@centercredit.kz](mailto:ib@centercredit.kz) (ЦКБ-нің «Интернет-банкинг» жүйесі, «StarBanking» жүйесі, АБЖ Штрих-коды (Aztec Code) сияқты интернет-өнімдерді пайдаланушылармен хат алмасу), [retail\\_credit@bcc.kz](mailto:retail_credit@bcc.kz) (несие карталарын ұстаушылармен және жеке тұлға, жеке кәсіпкер сияқты өзге де қарызалушылармен хат алмасу) бойынша түсіп отырды:

– 2014 жылы клиенттердің санаттары бойынша белгіленген әр түрлі банктік тақырыптарда стандартталған түрде жаппай жеке және корпоративтік сипаттағы e-mail-таратым хаттар арқылы **316/312** науқан өткізілді. Жалпы осындай **2 108 309/1 710 456** хат жіберілді (өсім **+18,9%**).

Құжаттамалық хат алмасу кезінде жеке және жаппай жіберілетін хат үлгілерінің меншікті базасы (хаттардың 100-ге жуық үлгісі – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндері) пайдаланылды.

ЦКБ филиалдарының желісі арқылы әр түрлі банк клиенттерінен ЦКБ-нің қызмет көрсету сапасы бойынша (банктік сервисті жетілдіру бойынша шағымдар, ұсыныстар, сондай-ақ алғыстар) **1 002/973** ресми өтініш қабылданды және орындауға жіберілді (өсім **+2,3%**).



## САЗГЕН

«Саз» және «ішек» деген ұғымды білдіретін екі сөзден құралған

Дыбыс ырғағы бойынша қобыз бен нарқобыз арасындағы өзгеше әуезді дыбысы бар

? Құпиясы мол және аз зерттелген аспаптардың бірі

## ШЕКТЕРІ

Жылқының ерекше ішектері



Дыбыс шығатын тесіктер


## ШАНАҚ

Ағаштан және жұмсақ, жұқа, құрғақ теріден жасалады

Материалдардың энергетикасы айрықша рөл атқарады деп есептеледі

! Материалдары дұрыс таңдалмаса, дыбыс дұрыс шықпайды

## ЫСҚЫ





## Төлем карточкалары және қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелері

---

2014 жылы ЦКБ-нің айналымдағы төлем карточкаларының саны 1 миллионнан асты. Айналымға шыққан карталардың нарықтағы үлесі бойынша ЦКБ Қазақстан бойынша үшінші орынға шықты. Бір жыл ішінде шығарылған карталардың саны 250 мыңнан асты.

Карталар бойынша транзакциялардың жалпы көлемі 9,2%-ға артып, 430 млрд теңгені құрады. Эквайринг желісі бойынша транзакциялардың көлемі 31%-ға өсіп, 7,9 млрд теңгені құрады.

Visa төлем жүйесінің премиум сегментіндегі беткеұстар картасы болып табылатын жаңа өнім «Visa Infinite» іске қосылды. Аталмыш өнім клиенттерге ең жоғары деңгейдегі сервисті қамтамасыз етеді және әлемнің кез келген жерінде пайдалануға болатын бірегей артықшылықтар мен сервистердің жиынтығынан тұрады.

Ақпараттық-төлем терминалдарының желісі 30 бірлікке көбейтіліп, олармен Қазақстанның барлық өңірлері қамтылды.

ЦКБ-нің қашықтан қызмет көрсету арналары бойынша клиенттердің тәулік бойы өзіне-өзі қызмет көрсетуін қамтамасыз ету мақсатында Алматы қалалық филиалының №33 Қаржылық қызмет көрсету орталығында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы ашылды. Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы заманауи дизайнмен жасалған және одан ЦКБ-нің корпоративтік стилін және жоғарытехнологиялы банктің имиджін байқауға болады.

Кәсіпорынның өз қаражатының есебінен сатып алынған POS-терминалдарды ЦКБ-нің эквайринг желісіне қосу мүмкіндігі жүзеге асырылды.





Кассалық аппарат функциясы бар POS-терминалдарды банктің эквайринг желісіне қосу мүмкіндігі бойынша жоба іске қосылды.


Kcell, Activ және Vegaline абоненттері үшін «Автотөлем» жаңа қызметі ұсынылды. Телефондағы қаражат 100 теңге мөлшеріндегі шекті балансқа жеткен кезде ұялы телефонның нөміріне ЦҚБ-нің төлем карточкасынан автоматты түрде ақша аударылады.

Қанатқақты жоба аясында «Интернет-банкинг» жүйесінің жаңа «ИБЖ Light» (жеңілдетілген нұсқа) және «ИБЖ Mobile» (мобильді құрылғыларға арналған нұсқа) нұсқалары енгізілді. Қауіпсіздікті күшейту функционалы енгізілді: төлемдерді банкке жөнелту кезінде барлық төлемдер міндетті түрде OTP-кодпен расталады.

«StarBanking» жүйесін пайдаланатын клиенттердің саны бір жыл ішінде 146%-ға артты. Жүйе электрондық түбіртектерді қарау және оларды e-mail мекенжайына жіберу мүмкіндіктерімен толықтырылды. Жүйеге электронды сандық қолтаңбаның көмегімен кіру мүмкіндігі іске асырылды. Жүйеге қосылу және логинді ауыстыру кезінде клиентті растау үшін ұялы телефонға растау коды бар сигналдық хабарлама жіберіледі. ЭСҚ-ны және OTP-құрылғыларды пайдалану арқылы үшінші тұлғаларға ақша аударуға және ЦҚБ бөлімшесінде аударым сомасына дербес лимиттер белгілеуге болатын функционал іске қосылды.

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді және қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту кассалардың жүктемесін қысқартуға мүмкіндік берді, атап айтқанда касса арқылы жеке тұлғалар жүргізген операциялардың үлесі 1,4%-ға азайды.

ЦҚБ 2015 жылға келесі міндеттерді қояды: премиум карталар сегментін әрі қарай дамыту; қашықтан қызмет көрсету арналары функционалының ауқымын кеңейту, мобильді POS-терминалдарды іске қосу, StarBanking арқылы басқа банктердің Visa карталарына ақша аудару мүмкіндігін іске асыру үшін Visa Direct AP төлем шлюзімен бірігу; Астана қаласында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын жабдықтау, сонымен қатар жаңа 38 банкомат және 20 ақпараттық-төлем терминалын орнату.



6

# Керуіш

Ағаштан жасалып, былғарымен өңделген көп ішекті шертпелі музыкалық аспап. Атауы өзінің сыртқы түріне байланысты қойылған: керуіш қазақ тілінде айыр найзаны білдіреді. Дала халқы керуішті көбіне «үй тұрмысында» қолданған. Мысалы, оның дыбысынан ләззат ала отырып, жіп иірген. Керуіш қазіргі кезде қолданылмаса да, ол кез келген оркестрдің үніне өзіндік көрік беріп, ғажайып әуенмен байытар еді.





## Қызметкерлер

---

Біздің кадрлық стратегиямыздың мақсаты – адам капиталының ЦҚБ-нің стратегиялық мақсаттарына сәйкес болуын қамтамасыз ету, қызметкерлердің осы мақсаттарға жетудегі кәсіби және ынталық дайындығын қалыптастыру. Бұл мақсатқа келесі тәсілдермен қол жеткізуге болады:

1. ЦҚБ бөлімшелерін білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету.
2. Еңбек өнімділігі мен жұмсалатын қаражаттың тиімділігін арттыру мақсатында қызметкерлер құрамын сапа және сан жағынан оңтайландыру.
3. ЦҚБ-нің тірек қызметкерлерін сақтап қалу.
4. Мамандарды үздік стандарттар бойынша оқытуды ұйымдастыру.
5. Тірек қызметкерді тартуға және сақтап қалуға септігін тигізетін еңбекақы төлеу мен ынталандырудың тиімді жүйесін енгізу.

Осы негізгі бағыттарды орындау аясында 2014 жылы ЦҚБ-нің жоғары нәтижелі, дарынды және тірек қызметкерлерін анықтау және марапаттау саясаты жалғастырылды. Жоғары нәтижелі қызметкерлер саны 20 адамды, дарынды қызметкерлер саны 121 адамды, тірек қызметкерлер саны 963 адамды құрады. Тұтастай алғанда, аталмыш шаралар ЦҚБ жүйесі бойынша кадрлардың тұрақсыздығын төмендетуге септігін тигізді, мұны ЦҚБ қызметкерлерінің бейілділігіне жүргізілген сауалнама мәліметтері растайды. 2014 жылғы бейілділік көрсеткіштері 2013 жылғы көрсеткіштер деңгейінде сақталған. HR-процестер бойынша шешімдер қабылдауда өңірлердің ролін күшейту аясында Басқарманың шешімімен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі өңірлік комитеті туралы қағида» бекітілді. 2014 жылы 3 713 қызметкер арнайы оқытуға тартылды. Бас офистің оқу орталықтарында мамандарға және өңірлердің басшыларына сатылымдар техникасы, клиентке бағытталған сервис бойынша тренингтер өткізу тәжірибесі енгізілді. Ішкі тренерлер клиентке бағытталған сервис, сатылымдар техникасы, тиімді коммуникациялар тақырыптарындағы 31 бағдарлама бойынша оқыту сабақтарын өткізіп, оларға 513 қызметкер тартылды. Стратегиялық серіктестің технологиялары мен бизнес-процестерін қабылдау мақсатында Бас офистің және филиалдардың 23 қызметкері Кореяның Сеул қаласындағы Коокмін банкінде төрт апта оқып қайтты.

---

*ЦҚБ қызметкерлерінің орта жасы – 35 жас. 2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша қызметкерлердің жалпы саны 3 973 адамды құрады, оның ішінде Бас офис қызметкерлері – 1 837 адам, филиалдық желі – 2 136 адам. Қызметкерлердің жалпы саны бойынша филиалдардың үлес салмағы 53,8%-ды, Бас офис 46,2%-ды құрады.*



## Ақпараттық технологиялар

---

Клиенттерге үздіксіз әрі жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында ЦКБ-нің өңірлік ғимараттарын жер үсті арналарына ауыстыру жобасы іске асырылды, Ақтау қаласы мен Жезқазған қаласындағы филиалдардағы құрылымдандырылған кабельдік жүйе ауыстырылды.

2014 жылы АТ тобының қолдауымен банктің негізгі өнімдері мен процестері бойынша сатылымдар көлемін ұлғайтуға бағытталған төмендегідей бірқатар жобалар жүзеге асырылды:

- ✘ жүзеге асырылған «Автонесиелеу» жобасының аясында ЦКБ-нің Қазақстан Республикасының салондарынан автомобиль сатып алуға берілген өтінімдерді мейлінше қысқа мерзімдерде қарауға мүмкіндігі бар;
- ✘ VIP-клиенттерге VISA INFINITE мәртебелі несие карталары ұсынылады;
- ✘ белсенді арнайы сатылымдар өткізу мақсатында «Жауапты қарызалушыларға арналған несие карталары» жобасы жүзеге асырылды;
- ✘ өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған ақпараттық-төлем терминалдарының паркі 30 бірлікке көбейтілді;
- ✘ «Бірыңғай есеп айырысу орталығы» жобасының аясында есепшот менеджерлерінің клиенттерге қызмет көрсету уақытын қысқарту мақсатында төлемдік тапсырмаларды өңдеу бойынша функциялар орталықтандырылды.

Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту аясында АТ-тобының қолдауымен келесі жобалар жүзеге асырылды:

- ✘ СМС-ақпарат тарату қызметінің өзіндік құнын төмендету мақсатында клиенттерге хабарламалар жіберу үшін жаңа СМС-орталық енгізілді;
- ✘ интернет-банкинг клиенттерінің тәуекелдігі жоғары төлемдерін бақылау сұлбасы оңтайлан-





дырылды, ИБЖ клиенттерінің қолма-қол ақшасыз төлемдері бойынша ықтимал тәуекелдіктерге жасалатын талдауды күшейту есебінен филиалдардағы төлемдерді өңдеу уақыты төмендетілді;

- ✘ филиалдардағы АТМ/АТТ қосымшаларын автоматты түрде бір орталықтан жаңартып отыратын «МСІ Client» атты бағдарламалық қамсыздандыру енгізілді;
- ✘ заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге арналған «Мобильді банкинг» жүйесі қанатқақты жоба аясында пайдалануға енгізілді;
- ✘ «Starbanking» жүйесінде үшінші тұлғаларға ақша аудару мүмкіндігі енгізілді, ЭСК және динамикалық сәйкестендіру құралдарын қолдану жалғастырылды, жүйе атқарымдық және тұрақтылық тұрғысынан жақсартылды;
- ✘ клиенттерден түскен ұсыныстардың негізінде жүйелердің релиздерінің аясында «Starbanking», «Интернет-банкинг» қашықтан қызмет көрсету жүйелері оңтайландырылды.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру мақсатында келесі жобалар іске асырылды:

- ✘ провизияларды есептеу әдісі өзгертілді;
- ✘ Мәліметтердің біртұтас корпоративтік қоймасының базасында Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік департаментінің реттегіш есептері әзірленіп, қолданысқа енгізілді;
- ✘ Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасында жасалған Үкіметаралық келісімнің АҚШ салық төлеушілерінің есепшоттарының бар-жоқтығын бақылауға және осы есепшоттар туралы ақпарат беруге қатысты талаптарын орындау мақсатында Банктің автоматтандырылған ақпарат жүйесіне бірқатар өңдеу жұмыстары жүргізілді;
- ✘ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының №29 қаулысының талаптарын орындау аясында негізге алынатын саясаттар мен тактикалық құжаттар қатары әзірленді.

АТ тобы 2014 жылы нақты және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған төмендегідей техникалық жобалар қатарын жүзеге асырды:

- ✘ жұмыс станцияларында вирусқа қарсы баламалы бағдарламалық қамсыздандыруға өту және оны банкоматтарға және ақпараттық төлем терминалдарына орнату жүзеге асырылды;
- ✘ банкоматтарға антискиммингтік жапсырмалар орнатылды;
- ✘ POS-терминалдарда трафикті шифрлеу және PIN-кодты күйге келтіру жұмысы жүргізілді;
- ✘ WINDOWS XP операциялық жүйесі орталықтандырылған түрде WINDOWS 7 операциялық жүйесіне ауыстырылды.





Қолданыстағы процестерді оңтайландыру бойынша:

- ✘ ішкі пайдаланушылар берген өтінімдердің орындалу сапасын жақсарту мақсатында Help Desk жүйесінде стандарт өтінімдерге өту жүзеге асырылды;
- ✘ процестер мен шағын процестердің шекараларын және сәйкесінше аталмыш процестердің иелерін дәл анықтау, операцияларды жаңа банктік өндірістік шешімде күйге келтіру кезінде бизнес-процесте болуы мүмкін барлық операцияларды есепке алу, қолданыстағы және жаңа шешімдердегі операциялардың сәйкестігін анықтау бойынша қажетті әзірлемелерді жоспарлау мақсатында бизнес-процестерді шағын процестер мен операцияларға бөлшектеп байланыстыру жұмыстары (клиентке бағытталған) жүргізілді.

ЦҚБ-нің Мәліметтерді өңдеу жөніндегі басты орталығы модернизацияланды, энергожүйелердің қуаты 200 кВт-тан 400 кВт-қа дейін ұлғайтылды, салқындату жүйесінің қуаты 145 кВт-тан 325 кВт-қа дейін ұлғайтылды, басты Мәліметтерді өңдеу орталығын пайдалану мерзімі кемінде 2019 жылға дейін ұзартылды.

Ақпараттық технологиялар жөніндегі стратегияны іске асыру жоспарының және болашақта жаңа өнімдер мен қызметтерді клиенттік операцияларды жүргізу қауіпсіздігінің жоғары деңгейінде мүмкіндігінше ең қысқа мерзімдерде нарыққа шығаруға мүмкіндік беретін банктік өндірістік шешімге өту жөніндегі стратегиялық шешімнің аясында 2014 жылы:

- ✘ Банктің автоматтандырылған АТ-жүйесін құру бойынша жоба бастау алды;
- ✘ «Core banking» жүйесін әзірлеу кезеңі іске асырылуда;
- ✘ МБКҚ-ны күшейту мақсатында МБКҚ-ны жетілдіру жұмыстары жүргізілді және қолданысқа енгізілді;
- ✘ «Reuse» модульдерінің бірыңғай кіру технологияларын (SSO) енгізу және «Reuse» модульдерінің әкімгерлік ету жүйесін «Colvir» әкімгерлік ету жүйесімен біріктіру жұмыстары жүргізілді;
- ✘ жаңа жүйе үшін негізгі жабдық сатып алынды.

Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын жаңартуға 2014 жылы салынған инвестиция 765 млн теңгені құрады.




# КЕРУІШ

Көпішекті шертпелі аспап

Қазақтың «Керу» сөзінен шыққан

\*\*\*  
1960-1990 жылдары  
«Отырар сазы» оркестрінің  
құрамына кірген





## ЦентрКредит Банкінің өткізу желісі

ЦКБ-нің өткізу желісі 2015 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 20 филиалдан және олардың 118 құрылымдық бөлімшесінен тұрады.



ЦКБ-нің Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларында филиалдары бар. Жалпы алғанда, филиалдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша 38 елді мекенде орналасқан және ұйымдық нысанына (Операциялық басқарма, VIP-орталық, ҚҚО, ЖҚО, ЕКБ) қарамастан, банк қызметінің толық спектрін көрсетеді, атап айтқанда: есеп айырысу-касса қызметі, несиелеу, депозиттер, ағымдағы есепшоттар, ақша аудару операциялары, төлем карталары, кепілдіктер, сейфтік және басқа да қызметтер.

### ЦКБ филиалдарының құрылымдық бөлімшелерінің құрылымы:

✘	Операциялық басқарма	20
✘	VIP-орталық	1
✘	Қаржылық қызмет көрсету орталығы (ҚҚО)	28
✘	Жекелеп қызмет көрсету орталығы (ЖҚО)	26
✘	Есеп айырысу-касса бөлімі (ЕКБ)	43





## «BCC INVEST» АҚ

---

2014 жыл Қазақстан Республикасының қор нарығы және оның кәсіби қатысушылары үшін оңай жыл болған жоқ. Жылдың басы теңге бағамының 20%-ға дерлік түзетуімен есте қалды. Сонымен қатар Ресей Федерациясындағы экономикалық дағдарыс аясында халықтың және нарыққа қатысушылардың бағамды түзету бойынша болжалдары өсе түсті және жылдың соңына қарай қаржы нарығына елеулі түрде үстемдік етті. Осыған байланысты әсіресе Қазақстанның қаржы нарығы және, тұтастай алғанда, бүкіл қаржы секторы жергілікті валютада өтімділіктің жетіспейтіндігін сезінді, нәтижесінде қаржы құралдарының нарықтық құнының елеулі түрде төмендеуіне әкеп соқты.

Осындай қиын жағдайларда «BCC Invest» АҚ өзінің нарықтағы көшбасшылық позициясын сақтап қана қалмай, өз көрсеткіштерін елеулі түрде көтере алды. Мысалы, «BCC Invest» АҚ РЕПО секторындағы KASE белсенділігінің ренкингі бойынша бірінші орында тұр, ал басқа секторлар бойынша бірнеше сатыға көтеріліп, көшбасшы орындарға ие болды. Жылдың соңына қарай «BCC Invest» АҚ-тың активтері мен меншікті капиталы «Капитал» ЖЗҚ-ға қосылудың нәтижесінде елеулі түрде ұлғайды. Валюталық құрылымды басқаруға және бақылауға теңдестірілген тәсілді қолданудың нәтижесінде «BCC Invest» АҚ-тың меншікті портфелінің табыстылығы нарықтағы орташа көрсеткіштерден жоғары болып отырды, ал комиссиялық кірістің мөлшері өткен жылдың көрсеткішінен 20%-ға басып озды. Клиенттік базаның бір жыл ішіндегі өсімі 24%-дан асты.

«BCC Invest» АҚ – өз қызметін жүргізу үшін қажетті барлық лицензиялары мен рұқсаттары бар Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы. «BCC Invest» АҚ ЦентрКредит Банкінің жүз пайыз еншілес ұйымы болып табылады.

### «BCC Invest» АҚ-тың 2014 жылғы қызметінің нәтижесі:

---

- ✘ компанияның таза пайдасы 288 695 мың теңгені құрады;
  - ✘ меншікті капиталы үш есеге артып, 6 591 687 мың теңгені құрады.
-



«ЦентрКредит – Парасатты баланс» межелдемелік инвестициялық үлеспұл қоры (МИҮҚ) бөлшекті инвестициялық үлеспұл қорларының арасында активтерінің мөлшері бойынша әлі де бірінші орынды иеленуде және табыстылығы бойынша тұрақты түрде көш басындағы үштіктің қатарына кіреді. 2014 жылдың қорытындысы бойынша Қордың табыстылығы 6,7%-ды құрады, бұл теңдестірілген стратегияны қолданатын (облигациялар және акциялар) қорлар арасында өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Қор құрылған сәттен бастап оның табыстылығы 9,5%-ды құрады. Нарықтағы өтімділік соққысының салдарынан төртінші тоқсанда жүргізілген теріс қайта бағалау жылдың қорытынды нәтижелеріне кері әсерін тигізді. Алайда, бұл жағдай базаның төмен болуының әсерінен болашақта Қордың табыстылығына оң ықпалын тигізуі тиіс.

Қор активтерінің құрылымына кірісі тиянақталған құралдар (50–70% облигация), үлестік құралдар (акциялар мен депозитарийлік қолхаттар 30%-ға дейін), сонымен қатар ақша нарығының құралдары (РЕПО және депозиттер) мен асыл металдар (алтынға белгіленген ETF) кіреді.

«Халықтық IPO» бағдарламасының екінші толқынының аясында «BCC Invest» АҚ бағдарламаны, сонымен қатар «BCC Invest» АҚ-тың қызметтерін ілгері жылжытудан еліміз бойынша жүргізілген дәрістер топтамасына белсенді түрде қатысты. «BCC Invest» АҚ қызметкерлері «Нұр Отан» партиясымен ынтымақтаса отырып, Қазақстан Республикасының жеті қаласында және ірі-ірі компанияларында 80-нен аса тұсаукесерлер мен дәрістер өткізді. «Халықтық IPO» бағдарламасының екінші қатысушысы «KEGOK» ұлттық компаниясы болды. Аталмыш компанияның акцияларын 50 000-нан астам бөлшек сауда инвесторлары сатып алды. Акцияларды орналастыру кезінде елімізде орын алған экономикалық қиын жағдайдың салдарынан акциялар кері табыстылықты көрсетті. Дегенмен, біз аталмыш акциялардың ортамерзімді перспективада өсу мүмкіндігі жаман емес деп санаймыз, себебі 2014 жылдың қаржылық нәтижесі барлық нарықтық болжамдардан асып түсті. KEGOK компаниясы үшін тарифтерді көтерудің бекітілген кестесі болғандықтан, қаржылық көрсеткіштер алдағы уақытта жақсарады деп күтілуде.



## «Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ

---

«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ – ЦКБ-нің 2007 жылы құрылған және Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында тіркелген еншілес ұйымы.

«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ – Ресей аумағында өзінің корпоративтік және жеке клиенттеріне алуан түрлі қызметтерді көрсететін көп салалы несие ұйымы. «Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ қызметін бастаған уақыттан бері кәсіби білікті мамандар штаты құрылды, шағын және орта кәсіпорындарға және жеке тұлғаларға арналған өнімдер әзірленіп, енгізілді.

Ресей рублінің құнсыздануына байланысты Ресей нарығындағы жағдайға, украиналық дағдарыстан туындаған саяси шиеленіске қарамастан, «Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ 2014 жылы өзінің жеке және заңды тұлға клиенттерінің негізгі міндеттерін барынша тиімді шешу үшін тәуекелдік менеджментін, корпоративтік басқаруды, ұйымдық құрылымды жетілдіруге бағытталған ұстамды әрі салихалы саясатты жүзеге асырды.





## «ВСС-ОУСА» ЖШС

---

2013 жылғы 21 тамызда ЦКБ-нің еншілес ұйымы «ВСС – ОУСА» ЖШС құрылды.

### Кәсіпорынды құрудың мақсаты:

---

- 1) мемлекеттік бағдарламалар аясында ірі бизнесті сауықтыру;
- 2) бас банктен сатып алынған проблемалы несиелер бойынша активтерді жақсарту.

### «ВСС – ОУСА» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары:

---

- 1) бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алу;
- 2) бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілердің меншік құқықтарын сатып алу, сонымен қатар құрылысқа, құрылысты аяқтауға және (немесе) жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға енгізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру;
- 3) заңды тұлғалардың бас банкте және «ВСС – ОУСА» ЖШС-да кепілде тұрған акцияларын және (немесе) жарғылық капиталға қатысу үлестерін сатып алу, басқару.



# Монохорд

7

Шығыстың Ұлы ғұламасы Әл-Фараби «ішекті-шертпелі аспаптардың төркінінде садақ жатыр» деп есептейді. Монохорд бұрынғы кезде бір ішекті аспап болған, яғни ағаштан жасалған резонатордың қызметін атқарған. Оның орнына кәдімгі садақ қолданылуы мүмкін. Аспаптың бұндай түрі тек қазақтың мұрасында ғана емес, сондай-ақ жапон, эстон, серб, удмурт халықтарында кездеседі. Уақыт өте келе монохордта орналасқан ішектердің саны да көбейген іспеттес. Қазіргі кезде бұндай «садақтан» оқ емес, әуен шығады.





## Тәуелсіз аудитордың есебі

---

### «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының осы құжатта көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Бұл есептіліктің құрамына банктің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күні аяқталған бір жыл ішіндегі пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп, өзге жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есеп, капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларынан тұратын ескертулер мен басқа да түсіндірме ақпарат кірді.

### Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалуы және оның шынайы болуы үшін, сонымен қатар басшылық адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

### Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз – өзіміз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы пікірімізді білдіру. Біз Аудиттің халықаралық стандарттары негізінде аудит жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтың болмағанына сенім беретін аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.



**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ

Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді растайтын аудиторлық дәлелдемелерді алуға және ондағы ақпаратты ашуға бағытталған процедураларды жүргізуді қамтиды. Процедураларды таңдау аудитордың кәсіби пайымдауына, оған қоса адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдігін бағалауға негізделеді. Аудитор осындай тәуекелдіктерді бағалау барысында мән-жайға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жасалуына және оның шынайы жасалуына ішкі бақылау жасайтын жүйені қарастырады, бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді. Сондай-ақ аудит қолданылатын есеп саясатын тиісті дәрежеде бағалауды және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сонымен қатар тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік беруді бағалауды қамтиды.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.

## Пікір

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілер тұрғысынан «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.

«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасында  
аудиторлық қызметті жүзеге  
асыруға берілген мемлекеттік  
лицензиясы №0000015, сериясы МФЮ – 2,  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы



Эндрю Викс  
Тапсырма бойынша серіктес  
Дипломды бухгалтер  
Қоғамдық тәжірибе бойынша  
сертификат №78586,  
Австралия

Нұрлан Бекенов  
Қазақстан Республикасының  
білікті аудитору  
1994 жылғы 13 маусымда берілген  
Біліктілік куәлігі №0082,  
«Делойт» ЖШС-ның Бас директоры





## 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп

(Қазақстандық млн теңгемен, акциялар бойынша теңгемен есептелген пайданы/(шығынды) қоспағанда)

	Ескерту	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Пайыздық кіріс	4, 27	93,254	85,269
Пайыздық шығыс	4, 27	(46,846)	(49,610)
ПАЙЫЗ ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА РЕЗЕРВ ҚҰРҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		46,408	35,659
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына бөлінген резерв	5	(43,470)	(27,779)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		2,938	7,880
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтермен және міндеттемелермен жасалған операциялар бойынша таза (шығын)/пайда	6	(386)	13
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша таза іске асырылған (шығын)/пайда		60	(3)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	7	6,169	4,491
Қызмет көрсетуден алынған кіріс және алынған комиссия	8	21,848	22,524





	Ескерту	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Қызмет көрсетуге кеткен шығыс және төленген комиссия	8	(1,862)	(1,886)
Өзге операциялар бойынша құнсызданудан болған резервті қалпына келтіру / (қалыптастыру)	5	94	(1,256)
Өзге (шығыс) / кіріс		49	(123)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІС		25,972	23,760
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС		28,910	31,640
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫС	9, 27	(26,142)	(29,345)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА		2,768	2,295
Пайдаға салынған салық бойынша шығыс	10	(1,801)	(1,982)
ТАЗА ПАЙДА		967	313
Бас банктің акционерлеріне қатысты		980	(31)
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты		(13)	344
		967	313
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА/(ШЫҒЫН)			
Негізгі (теңгемен)	11	4.86	(0.19)
Туынды (теңгемен)	11	4.86	(0.15)

Басқарманың атынан:

Басқарма Төрағасы  
Ли В.С.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Басқарушы директор  
Янг Джин Хван

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Бас бухгалтер  
Нұрғалиева А.Т.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы



## 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі өзге жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есеп

(Қазақстандық млн теңгемен)

	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Таза пайда	967	313
<b>ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ (ШЫҒЫН)/КІРІС</b>		
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Шетелдік қызметті қайта есептеу кезінде туындаған бағамдық айырма	(327)	(299)
Қолдағы сатуға арналған инвестициялардың әділ құнын өзгертуден болған бір жыл ішіндегі таза шығын	(920)	(293)
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатудан түскен пайда және шығын туралы есепке аударылған бір жыл ішіндегі (пайда)/шығын	(60)	3
Пайдаға салынған салықты шегергендегі бір жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	(1,307)	(589)
<b>БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН</b>	<b>(340)</b>	<b>(276)</b>
Бас банктің акционерлеріне қатысты	(327)	(620)
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты	(13)	344
<b>БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН</b>	<b>(340)</b>	<b>(276)</b>

Басқарманың атынан:



Басқарма Төрағасы  
Ли В.С.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Басқарушы директор  
Янг Джин Хван

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Бас бухгалтер  
Нұрғалиева А.Т.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы



# МОНОХОРДА САДАҒЫ

Көпішекті шертпелі аспап


ҚҰЛАҚША  
ІШЕКТЕРІ

Ағаштан жасалған  
РЕЗОНАТОР




Монохорд аспаптар тобы антик дәуірінен бері белгілі болған. Монохорд аспаптар барокко дәуіріне дейін музыкалық білім беруде басты құрал болған.

Доға тәрізді  
САП



1080 мм

## ПЕНТАТОНИКА



Аспапқа жапон, қытай, серб, удмурт музыкалық мәдениетінде дамыған пентатоникалық дыбыс тән. Пентатоника – қазіргі заманғы эстрадалық музыка негізі.

## Әл-Фараби

«музыкалық аспаптардың барлығы садақтан шыққан»



Монохорд садағы барлық ішекті аспаптардың дамуына негіз болған.





## 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

(Қазақстандық млн теңгемен)

	Ескерту	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР:</b>			
Ақшалай қаражат және оның эквиваленті	12, 27	112,628	141,511
Міндетті резервтер	12	17,321	16,645
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	13	24,297	27,253
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	14	53,576	53,931
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	15	9,644	15,846
Банктердегі қаражат	16	8,348	3,994
Клиенттерге және банктерге берілген несие	17, 27	829,402	783,895
Пайдаға салынған ағымдағы салық бойынша активтер		1,181	1,436
Пайдаға салынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	10	-	1,132
Өзге активтер	18	17,738	22,685
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	19	32,160	25,154
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>1,106,295</b>	<b>1,093,482</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>			
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР:</b>			
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиесі	20	117,880	89,436



	Ескерту	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
Клиенттер мен банктердің қаражаты	21, 27	808,296	806,553
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	22	30,862	49,045
Пайдаға салынған кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	10	236	-
Өзге міндеттемелер	23	9,530	8,544
Реттелген облигациялар	24	54,012	53,034
Барлық міндеттемелер		1,020,816	1,006,612
<b>КАПИТАЛ:</b>			
Бас банктің акционерлеріне қатысты капитал:			
Жарғылық капитал	25	69,791	69,826
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры		(1,238)	(258)
Бағамдық айырма қоры		(652)	(325)
Бөлінбеген пайда		17,162	16,077
Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық капитал		85,063	85,320
Иеліктің бақылаусыз үлестері		416	1,550
Барлық капитал		85,479	86,870
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ</b>		<b>1,106,295</b>	<b>1,093,482</b>
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	11	444	452
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңгемен)	11	300	300

Басқарманың атынан:

Басқарма Төрағасы  
Ли В.С.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Басқарушы директор  
Янг Джин Хван

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Бас бухгалтер  
Нұрғалиева А.Т.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы



## 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

(Қазақстандық млн теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қолдағы сағуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры	Бағамдық айырма қоры	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық капитал	Иеліктің бақылаусыз үлестері	Барлық капитал
2012 жылғы 31 желтоқсан	69,798	32	(26)	3,723	12,385	85,912	1,206	87,118
Таза (шығын)/пайда	-	-	-	-	(31)	(31)	344	313
Пайдаға салық салғаннан кейінгі бір жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	-	(290)	(299)	-	-	(589)	-	(589)
Арнайы резервке ақша аудару	-	-	-	(3,723)	3,723	-	-	-
Меншікті акцияларды сату (25-ескерту)	28	-	-	-	-	28	-	28
2013 жылғы 31 желтоқсан	69,826	(258)	(325)	-	16,077	85,320	1,550	86,870
Таза пайда/(шығын)	-	-	-	-	980	980	(13)	967
Пайдаға салық салғаннан кейінгі бір жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	-	(980)	(327)	-	-	(1,307)	-	(1,307)
Меншікті акцияларды сатып алу (25-ескерту)	(35)	-	-	-	-	(35)	-	(35)
Еншілес ұйымдардың дивидендтері	-	-	-	-	-	-	(351)	(351)
«Капитал» ЖЗҚ АҚ-тың акцияларын сатып алудан түскен пайда	-	-	-	-	105	105	-	105
«Капитал» ЖЗҚ АҚ-тың акцияларын сатып алу есебінен бақылаусыз үлесті азайту	-	-	-	-	-	-	(770)	(770)
2014 жылғы 31 желтоқсан	69,791	(1,238)	(652)	-	17,162	85,063	416	85,479

Басқарманың атынан.

Басқарма Төрағасы  
Ли В.С.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Басқарушы директор  
Янг Джин Хван

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Бас бухгалтер  
Нұрғалиева А.Т.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы





## 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

(Қазақстандық млн теңгемен)

	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Алынған пайыз	105,344	64,819
Төленген пайыз	(49,230)	(48,899)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	22,470	20,099
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(1,901)	(1,738)
Өзге алынған (төленген) кіріс/(шығыс)	204	(49)
Төленген операциялық шығыс	(25,229)	(24,570)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	51,658	9,662
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі:</b>		
Міндетті резервтер	(676)	(1,570)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері	2,556	(2,002)



	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Банктердегі қаражат	(4,383)	(1,941)
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	(108,046)	2,100
Өзге активтер	(2,930)	(11,827)
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	26,770	(16,510)
Клиенттердің және банктердің қаражаты	4,867	14,965
Өзге міндеттемелер	2,157	2,567
Салық салғанға дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының шығымы	(28,027)	(4,556)
Төленген пайда салығы	(178)	(366)
Операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза шығымы	(28,205)	(4,922)
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатудан түскен түсім	22,806	27,211
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатып алу	(23,206)	(23,797)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім	5,282	14,105
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	-	(3,682)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(1,928)	(5,660)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	119	235
Инвестициялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза түсімі	3,073	8,412



	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
(Сатып алу)/сатып алынған меншікті акцияларды сатудан түскен түсім (25-ескерту)	(35)	28
Еншілес ұйымдардың дивидендтері	(351)	-
Бақылаусыз үлес акцияларын сатып алу	(722)	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(41,953)	(18,910)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	25,000	2,447
Реттелген облигациялардан түскен түсім	910	18,305
Қаржылық қызметке байланысты ақша қаражатының таза (шығымы)/ түсімі	(17,151)	1,870
Шетелдік валюта бағамындағы өзгерістің ақша қаражатына және оның баламасына қатысты ықпалы	13,400	2,097
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫНЫҢ ТАЗА (АЗАЮБЫ)/АРУЫ</b>	<b>(28,883)</b>	<b>7,457</b>
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ, жыл басындағы (12-ескерту)</b>	<b>141,511</b>	<b>134,054</b>
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ, жыл соңындағы (12-ескерту)</b>	<b>112,628</b>	<b>141,511</b>

Басқарманың атынан:

Басқарма Төрағасы  
Ли В.С.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Басқарушы директор  
Янг Джин Хван

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы

Бас бухгалтер  
Нұрғалиева А.Т.

2015 жылғы 16 ақпан  
Алматы қаласы





# Саз сырнай

8

Бұл ежелгі үрмелі аспапта орындалған әуендер өте нәзік, әуезді және әдемі болады. Бір қарағанда, кәдімгі «балшықтан жасалған жұмыртқа» шебер орындаушының епті қолына түскен кезде құстардың сайрауын және желдің гүілдеуін жеп-жеңіл жеткізеді. Аспаптың құбылмалы жұмсақ даусы қазақтың байырғы өнерінің бір бейнесі болып табылады. Бұрынғы заманда сазсырнайдың әуені думанды ойындарда және жастардың серуендерінде жиі естілетін болған. Қазіргі кезде сазсырнайдың басқа ұлттық аспаптармен ғажайып үндесуіне байланысты оны фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер белсенді түрде қолданады.



## ЦентрКредит Банкінің 2014 жыл ішіндегі басты оқиғалары

---

Қаңтар

ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін «Қазақстан даму банкі» АҚ-пен 8 млрд теңгеге банктік қарыз шарты жасалып, қол қойылды.

Ақпан

ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін «Қазақстан даму банкі» АҚ-пен 3 млрд теңгеге екінші банктік қарыз шарты жасалып, қол қойылды.

Наурыз

ЦКБ-нің миллионыншы төлем картасы шығарылды.

Сәуір

«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілді. ЦКБ-нің 2013 жылдағы қызметінің нәтижесі туралы Басқарманың есебі, 2013 жыл бойынша шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік, 2013 жылғы таза табысты бөлу тәртібі бекітілді.

Өңдеу өнеркәсібі саласында шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен 8 млрд теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тарту туралы несиелік келісім жасалып, қол қойылды. Өңдеу өнеркәсібі саласындағы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге арналған «Даму Өндіріс-2» бағдарламасы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен несиелік келісім жасалып, қол қойылды.

Шілде

Америка құрама штаттарының «Шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы» заңының (FATCA) қағидасы қолданысқа енгізілді. Клиенттерге қызмет көрсету кезінде АҚШ-тың салық төлеушілерін анықтау бойынша қосымша процедуралар жүргізілетін болады.

---





## Тамыз

жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге арналған «Комиссиясыз тұтыну несиелері» атты акция іске қосылды. «Contact» жүйесі бойынша таяу шет елдерге АҚШ долларымен, еуромен, Ресей рублімен ақша қаражатын аударуға белгіленген тарифтер төмендетілді.

## Қыркүйек

ЦКБ өзінің 26-жылдығын атап өтті. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» заңның күшіне енуіне байланысты ЦКБ «Ақшаны заңдастыруға арналған шартты салым» атты өнімін іске қосты.

## Қазан

шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін бес жыл мерзіміне 11,1 млрд теңге сомасында Азия даму банкінің екінші траншын алу туралы келісім жасалды.

## Қараша

Visa Infinite премиум-класс картасы айналысқа шығарылды. «StarBanking» жүйесінде үшінші тұлғаларға ақша аудару функционалы жүзеге асырылды.

## Желтоқсан

өңдеу өнеркәсібі саласында ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен 3 млрд теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тарту туралы банктік қарыз шарты жасалып, қол қойылды; микро, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың кепілдігімен 5 жыл мерзіміне 10 млрд теңге сомасына ЕҚДБ-мен несиелік келісім жасалып, қол қойылды, сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі саласында шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен 3 млрд теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тарту туралы несиелік келісім жасалып, қол қойылды.



## Тәуекелдіктерді басқару

---

ЦентрКредит Банкінде қолданыстағы заңнамадағы, сонымен қатар көпшілік қабылдаған халықаралық тәжірибедегі барлық талаптарға жауап беретін тәуекелдіктерді басқарудың тиімді жүйесі қалыптастырылды. Жүйенің стратегиялық мақсаты – тәуекелдіктерді уақтылы анықтау, барлық факторларды сапалы бағалау және ықтимал әсерді азайту мақсатында кешенді түрде іс-әрекет ету.

Тәуекелдіктерді басқару бойынша құрылған жүйе көп деңгейлі болып табылады және оған ЦКБ-нің барлық бөлімшелері кіреді. Тәуекелдіктерді басқару бойынша басты мәселелер ЦКБ-нің Директорлар кеңесі және Басқармасы жанында іс-әрекет ететін Комитеттер аясында мақұлданады немесе келісімге алынады.

ЦентрКредит Банкінде ЦКБ-нің тіршілік әрекетінің стратегиялық аспектілерін (саясат түріндегі), сонымен қатар тәуекелдіктерді назарға алу, бағалау және оларға мониторинг жүргізу шараларын (тәуекелдіктерді басқару және оларды бағалау жөніндегі ережелер, қағидалар, нұсқаулықтар және әдістемелер) қамтитын тәуекелдіктерді басқару бойынша бірыңғай әдістемелік база іс-әрекет етеді. ЦентрКредит Банкінде тәуекелдіктерді лимиттеу және тәуекелдік-тәбетті анықтау тәжірибесі табысты түрде қатар жұмыс істеп келеді.

Тәуекелдіктерді басқарудың қолданыстағы үлгілерін ұдайы жетілдіріп отыру ЦКБ-ні дамытуда негізге алынатын басты бағыт болып табылады. Тәуекелдіктерді басқару жүйесін жетілдіру процесі бойынша 2014 жылы болған басты оқиға тәуекелдіктерді басқару жөніндегі бөлімшелерді жеке топқа бөліп шығару және топ басшысын ЦКБ Басқармасының құрамына қосу болды. Аталмыш оқиға басшылықтың ЦКБ қызметіндегі тәуекелдіктерді басқару жүйесінің жоғары маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді.

Дағдарыс факторларының жағымсыз әсерін болғызбау және ықтимал оқиғаларды жедел назарға алу мақсатында ЦентрКредит Банкінде стрестік ең қиын жағдайлар бойынша жаттығулар өткізу

---



тәжірибесі енгізілуде. Аталмыш жаттығулар барысында бөлімшелердің іс-әрекеттері пысықталады және кешенді бағалау нәтижелері бойынша процестерге және ЦКБ-нің ішкі құжаттарына қажетті түзетулер енгізіледі.

ЦКБ-нің тәуекелдіктерін уақтылы анықтауға бейімделген басты тәуекелдік индикаторлары жүйесі кезең-кезеңмен модернизацияланады.

## **ЦентрКредит Банкіне тән негізгі тәуекелдіктер:**

### **Несиелік тәуекелдік**

---

Несиелік тәуекелдіктерді басқаруды және оларға белгіленген шекте мониторинг жүргізуді ЦКБ-нің несие комитеттері және Басқармасы жүзеге асырады. Несие комитеті кез келген тікелей іс-әрекетті бастамас бұрын несие процестері бойынша барлық ұсынымдарды (қарызалушыларға белгіленген шектеулер немесе несие келісімдеріне енгізілетін толықтырулар және т.б.) тәуекелдіктерді басқару жөніндегі бөлімшенің менеджері немесе Несиелік тәуекелдіктер департаменті қарайды және бекітеді. Тәуекелдіктерді басқару бойынша күнделікті жұмысты Несиелік тәуекелдіктер департаментінің басшысы немесе бөлімшелердің несие беру қызметтері жүзеге асырады. ЦКБ жаңа клиенттер мен қазіргі клиенттердің болашақтағы төлем қабілеттілігін сандық бағалау үшін бөлшекті несие беруде және шағын бизнесті несиелеуде қолданылатын скоринг жүйесін енгізді.

Корпоративтік қарызалушылар бойынша несиелік тәуекелдікті бағалау үшін ЦКБ халықаралық рейтинг агенттіктері қолданатын принциптер мен әдістемелерге негізделген ішкі рейтинг үлгісін пайдаланады.

### **Өтімділік тәуекелдігі**

---

Өтімділікті басқарудың басты мақсаты – залалдың туындауына жол бермеу және тұрақты серіктес ретінде ЦКБ-нің беделіне нұқсан келтірмеу арқылы әдеттегі жағдайларда, сондай-ақ дағдарыс жағдайларында өз міндеттемелерін уақтылы орындауға жеткілікті өтімді қаражаттың ұдайы болуын қамтамасыз ету.

---





ЦКБ аталмыш тәуекелдікті басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау, ағымдағы өтімділікті ұстап тұру және ақша ағымын оңтайландыру үшін нарықтық ақша операцияларын жүргізу арқылы жүзеге асырады, сонымен қатар өтімділік көрсеткіштері бойынша баланс пен лимиттердің тиімді құрылымын есептейді, гэп-позицияларды бекітеді және өтімділік көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді. Ертерек назарға алу мақсатында 2014 жылы ЦКБ өтімділік тәуекелдігінің ішкі және нарықтық индикаторларына күнделікті мониторинг жүргізу жүйесін енгізді.

## Нарық тәуекелдігі

---

ЦКБ позицияларды басқару арқылы нарықтық тәуекелдікті басқаруды жүзеге асырады, бұл жағдай Топқа ұлттық валюта мен шетел валютасының айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуынан болған шығынды мейлінше қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ашық валюталық позицияларға, арбитраждық позицияларға және ысырап лимиттеріне (Stop-loss/Stop-out ) лимиттер есептеледі.

ЦКБ нарық жағдаятының жағымсыз өзгерістерінің нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал шығындарды жүйелі түрде бағалап отыру әдісін пайдаланады және ықтимал шығындардың көлеміне сәйкес шектеулер қояды.

## Операциялық тәуекелдік

---

ЦКБ операциялық тәуекелдікті өтеу үшін меншікті капиталының жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында операциялық тәуекелдікті анықтайды, бағалайды, оған мониторинг және бақылау жасайды.

ЦентрКредит Банкінде ішкі және сыртқы ортадағы операциялық тәуекелдік оқиғаларын жинақтау және талдау бойынша іс-шаралар жүргізіледі, қажетті бақылау механизмдерінің болуы бойынша ЦКБ-нің өнімдері мен қызметтеріне жүйелі түрде талдау жасалынады, тәуекелдіктің негізгі индикаторлары жүйесі әзірленді және пайдаланылып келеді. ЦКБ операциялық тәуекелдіктердің болуын анықтау үшін өнімдерге және қызмет көрсету процестеріне жүйелі негізде бағалау жүргізіп отырады.



**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ

# САЗ СЫРНАЙ

Көне үрмелі аспап

Балама  
атаулары:

«саз» – балшық


«сырнай» – үрмелі аспап атауы

 ТАСТАУЫҚ

 ҮСКІРІК

## МҮШТІК

әдетте сазсырнайға  
жылтырақ жағып,  
ою-өрнек салған



4-6 тесігі  
бар



Алғаш рет 1971 жылы  
Отырар қаласының  
қазбаларынан табылған

## ШАНАҚ

Балшықтан жасалады



Ашық, мөлдір  
дыбыс



## Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау

---

Өз қызметінде ЦКБ қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптердің және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтайды.

ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптері:

- ✘ адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, халықтың өміріне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;
- ✘ тікелей банктік қаржылық операциялар жүргізу жолымен қоршаған ортаға әсерін тигізуі мүмкін зиянның алдын алу.

ЦентрКредит Банкі жобаларды қаржыландыру кезінде табиғатты қорғау аспектілерін талқылауға ерекше көңіл бөледі және экологияға бағытталған жобаларға қолдау көрсетіп отырады.

ЦентрКредит Банкінің Несие саясаты бойынша несиелеу кезіндегі тыйым салынған бағыттардың бірі – қоршаған ортаға зиянын тигізетін жобаларды қаржыландыру.

ЦКБ заңдық, қаржылық зардаптарға және экологиялық проблемаларға байланысты ЦКБ-нің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуге бағытталған тиісті шараларды қабылдап отырады. Жобаны қарау кезінде ЦКБ-нің уәкілетті бөлімшелері ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптеріне сәйкес келуі бойынша жобаға жан-жақты сараптама жасайды. Несиелеу процесінде қарызалушылардың қызметіне мониторинг жүргізіледі, табиғатты қорғаудың негізгі принциптеріне сәйкес несие қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы қадағаланады.

Қолданыстағы процедураларға «ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі процедурасы» енгізіледі. Аталмыш процедураның басты мақсаты – ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау бойынша

---





негізгі принциптерін сақтау, сонымен қатар ЕҚДБ, IFC, DEG, FMO сияқты халықаралық қаржы институттарының қоршаған ортаны қорғауға қатысты төмендегідей талаптарын орындау:

- ✘ ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі процедурасын орындауға, клиенттердің қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындауын қадағалауға мониторинг жүргізуге жауапты тұрақты Жұмыс тобын құру;
- ✘ клиенттердің несие шарттары бойынша міндеттемелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі талаптарды бұзбауға міндеттейтін баптарды кіргізу жолымен ЦКБ қызметінің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту;
- ✘ жобаны барынша тиімді бағалау мақсатында қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келуі бойынша әрбір жобаның іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;
- ✘ клиенттермен, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан жағымсыз болып табылатын жобаларды жақсарту және модификациялау жөніндегі халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтасу жолымен қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды жандандыру.

---

## ЦКБ-нің 2015 жылға қойған негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Тәуекелдіктер деңгейін қалыпты деңгейде сақтай отырып, бизнес ауқымын кеңейту.
  2. Несие портфелінің сапасын жақсарту.
  3. Ресурстық базаны тұрақтандыру және өсіру.
  4. Қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту.
  5. Мемлекеттік даму бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу.
  6. Ақпараттық технологиялар стратегиясын іске асыру.
-





**CENTERCREDIT**  
ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАНКІ  
БАНК ТРАДИЦИОННЫХ ЦЕННОСТЕЙ



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП **2014** ГОДОВОЙ ОТЧЕТ





## Содержание

---

Обращение Председателя Совета директоров	96
Совет директоров	98
Правление	100
Руководители департаментов	102
Корпоративное управление	106
Акционеры и капитал	110
Обзор развития экономики и банковского сектора Республики Казахстан в 2014 году	112
Банковский сектор	118
Обзор деятельности БЦК в 2014 году	120
Рентабельность	126
Информация по ссудному портфелю	126
Кредитование по государственным программам / инновации	128
Розничное кредитование	129
Кредитование юридических лиц	131
Депозиты	132

---




Международные отношения	133
Операции на фондовом и межбанковском рынках	136
Кастодиальная деятельность	138
Система международных денежных переводов	138
Быстрые переводы	142
Быстрая выручка	142
Информационно-справочное обслуживание и телефонный банкинг	143
Платежные карточки и системы удаленного банковского обслуживания	146
Персонал	150
Информационные технологии	151
Сбытовая сеть БЦК	155
АО «BCC INVEST»	156
ООО «Банк БЦК-Москва»	158
ТОО «BCC-ОУСА»	159
Отчет независимых аудиторов	162
Основные события БЦК в 2014 году	176
Управление рисками	178
Социальная ответственность и защита окружающей среды	182
Основные цели и задачи БЦК на 2015 год	183

---



## Обращение Председателя Совета директоров







### Уважаемые акционеры АО «Банк ЦентрКредит»!

